

● **ПРЕЗИДЕНТ**

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТОРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Асқар Жұмағалиевті қабылдады. Кездесуде А.Жұмағалиев Елбасыға «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ жұмысының нәтижелері туралы есеп берді. Сондай-ақ, жалпы атом саласын дамыту барысы жөнінде мәлімет ұсынды. А.Жұмағалиев өткен жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорынның жоспарланған барлық өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізгенін баяндады. Компанияның нақты табысы алғаш рет 108 млрд теңгеден асқан.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына кәсіпорынды трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы мәлімдеді. Одан 16 млрд теңгеден астам экономикалық пайда түскен.

Елбасы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын әртараптандыру және жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет екенін айтты.

● **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫ САУ, СЕЗІМІ СЕРГЕК БОЛСЫН

Дүниежүзілік
денсаулық
күніне орай
«Жастар
денсаулығы
мен өмірлік
дағдылары: за-
манауи тәсілдер
мен озық
тәжірибелер»
атты
республикалық
ғылыми-
тәжірибелік кон-
ференция өтті.



Конференцияның пленарлық мәжілісіне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Ержан Ерсанов, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық орталығы директоры Жамия Баттақова, Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ бағдарламаларының координаторы Айгүл Қадірова бастаған денсаулық сақтау саласының мамандары мен білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Конференцияны ашқан облыс әкімі шараның маңыздылығына тоқталды.

– Мемлекет басшысы – Ұлтымздың көшбасшысы Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаев Алаштың анасына балаған біздің аймақ еліміздің жаңғыруына септік етер жасампаздықтың ортасы, талай батыл бастамалардың қайнар көзі болып келеді. Бүгінгі конференция аясында сөз болатын балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру, оларды түрлі қауіп-қатерлерден сақтап, денсаулығын нығайту, қазіргі заманға қажетті өмір дағдыларын қалыптастыру бастамасы да сол қатардағы аса маңызды елдік мәселе деп білеміз. Көптен бері біздің саяси және экономикалық айналымнан түсіп қалған адами капитал ұғымы жаңғыртылды, оның сапалық көтеру мәселесі мемлекеттік маңызы бар басымдыққа айналды. Сапалы ұлттық адами капитал – әр жастың тұлға және маман ретінде қалыптасып, жетілуіне қатысы бар барлық салалардың

тиімді жұмысына құралатын ортақ нәтиже. Сондықтан адами капиталды жақсарту – салааралық негіздегі жүйелі жұмысты талап ететін күрделі міндет. Ғаламдық деңгейдегі экономикалық тұрақсыздық, экологияның нашарлауы, мәдениет пен моральдің күнсыздануы, жаңа технологиялар мен медианың қуатты күші – әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына, ақыл-ойы мен мінез-құлқына, тұлғалық қасиеттері мен азаматтық бет-бейнесіне қатты әсер етуде. Бұл тек бізге ғана тән емес. Барлық озық елдер, жалпы әлем өскелең ұрпақтың тәні мен жанын аман сақтап, олардың санасы сау, сезімі сергек, ертеңінен үміті зор, үлкен өмірге дайындығы жоғары, жетілген тұлға ретінде қоғамға қосудың амалын іздеуде, – деді облыс басшысы.

● **БРИФИНГ**

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУДЫҢ
АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаксылық Әбдусамитов БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Қазақстанда 5 сәуірден бастап «Емханаға тіркел де – МӘМС жүйесіндегі өз мәртебелді анықта!» атты емханаларға тіркелу науқаны басталғанын жеткізді. Сондықтан да облыстың әрбір тұрғыны өзінің тіркелген емханасына барып, қайтадан тіркеуден өтуі тиіс. Ол жерде бар болғаны екі құжат қана қажет. Біріншісі – жеке басын куәландыратын құжаты, екіншісі – емхананың бас дәрігеріне тіркеуге алу туралы жазған өтініші. Осы екі құжат арқылы емханаға қайта тіркелетін болады.

Тіркелу барысындағы екінші маңызды мәселе ол – міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі өзінің мәртебесін анықтап алу. Оның маңыздылығы ертеңгі күні сақтандыру жүйесі енгізілгенде әрбір азаматқа кепілдендірілген медициналық көмек қолжетімді болуға тиіс. Ол үшін әрбір азамат осы жүйеге қатысты болуы қажет. Бұған дейін хабарланғандай, жарнасын мемлекет төлейтін, өздері төлейтін және жұмыс орны төлейтін санаттар бар. Төленетін жарналардың мөлшері де қай санатқа жататына байланысты.

Сонымен үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Сол кезден бастап төлемдердің мерзімінде төленіп тұруы жүйенің толыққанды сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етпек. Сондықтан да бұл апарат аймақтың әрбір отбасына, әрбір тұрғынына жетуі қажет.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев көктемгі сең жүру кезеңі бойынша мәжіліс өткізді.

ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫНДЫҚ
ТАСҚЫНҒА ТӨТЕП БЕРДІ



Бүгінгі таңда дария суының арнасынан асу қауіпі сөйілді. Сондай-ақ, онтүстік аудандарда таудан ағар қарғын су қатер төңдірмейді деуге әбден болады. Өрине, сең жүру кезінде Қазалы ауданында бірнеше шаруа қожалықтары мал шығынына душар болды. Қазіргі сәтте шығынның орнын толтыру мен сен сөккен арналарды қалпына келтіруге дайындық жұмыстары басталып кетті. Жалпы, биылғы көктемде қызыл суға тас-түйін дайындық жасалды. Келер жылға дейін де атқарылар істер қатары қалың. Біз енді осы мәселелерді тарқатып айтсақ...

Аймақ басшысы жиындағы кіріспе сөзінде тілсіз жаудың алдын алу жұмыстары биыл тыңғылықты ұйымдастырылғанын алға тартты. Қажет кезде арнайы техникалар мен адам күштерін жұмылдыра отырып, халық алдындағы міндеттерін абыроймен атқарған жандарға өз ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, аймақ басшысы қиын сәтте үлгілі еңбегімен ерекшеленген бірнеше азаматты облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады. Олардың қатарында ұстаз, көлік жүргізуші, кәсіпкер, мекеме басшылары, тағы басқалар болды.

Биыл өңірдің онтүстік аудандарында дарияда мұз қатпады, есесіне солтүстік аудандарда мұздың қалыңдығы 20-55 см аралығында болды. Ал, өзен арнасындағы мұздың жүруі наурыз айының басында басталды. Дегенмен, салқын күнде бау қозғалған сен біршама қиындық туындатты. Жиында облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов тасқынға қарсы атқарылған жұмыстар турасында баяндама жасады.

Басқарма басшысының айтуынша, облыстық бюджеттен жыл басында бөлінген 53 млн теңге қаржыға аса қауіпті жағдайда тұрған Сырдария өзенінің үш учаскесіндегі қорғаныс бөгеттері қалпына келтірілген. Су басу қаупінің болмауына осы жұмыстар бірден-бір себеп. Сонымен қатар, Сырдария ауданында ұзындығы 2,7 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгеттері жеделден. Өрине, мәселе туылған жағдайлар кездесті. Айталық, желтоқсан айында Далдабай елді мекені тұсында мұз кептелісі салдарынан су деңгейі көтеріліп, «Жалағаш-Жосалы» тас жолындағы автожол көпірінің 3 метр бөлігі құлады. Сонымен бірге, Қызылорда қаласындағы Талсуат елді мекеніне қарасты «Дружба» және қалаға жақын орналасқан «Ягодка», «Пшеница» саяжайлары тұстарында тірсекеен мұз құрсау салдарынан қорғаныс бөгеттері сумен шайылған. Бүгінгі таңда сыр берген бөгеттердің осал тұстары нығайтылған.

Көктемнің алғашқы күнінен бастап өзен арнасында мұздың жүруі басталды. Серік Сағитжанұлы мұз көші Қармақшы, Қазалы аудандарында қолайсыз жағдай қалыптастырғанын жеткізді.

Нақтылағанда, Қармақшы ауданы Абыла елді мекені тұсында мол судың жайылуы орын алған. Бұл орайда мұз жару жұмыстары жүргізіліп, су қоршауында қалған тұрғындардың төрт тұлғі қауіпсіз жерге шығарылыпты. Сонымен қатар, баяндамашы Дұр Оңғар елді мекені тұсындағы қорғаныс бөгеттерінің жырылып кету қаупі төнуіне байланысты уақытша бөгесу жұмыстары жүргізілгенін хабарлады. Өкініштісі, Қазалы ауданы шекарасына кірген дариядағы мұз кептелісі «Басықара» су торабында дария деңгейінің көтерілуіне себепші болды. Нәтижесінде, қорғаныс бөгеттері жарылып, алдын ала ескертуді қаперге алмаған шаруа қожалықтарының төрт тұлғі шығынға ұшырады.

– Сең жүру кезеңінде малдарын қауіпсіз жерге көшіру жөнінде ескертілгенімен, Қазалы ауданының Сарыкөл, Құмжіек ауылдық округтеріне қарасты су басу аймағында орналасқан екі шаруа қожалығының 321 бас майда мал, 27 бас ірі қара, барлығы 348 бас малының өлгені анықталды. Қазіргі таңда бұлардың тіркеу базасында есепте бар-жоқтығы жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оның 112-нің базада тіркелгені анықталып отыр, – деді Серік Сермағамбетов.

Осыған орай, Қазалы ауданы бойынша 3 ауылдық округтегі елді мекендерге су басу қаупі төнуіне байланысты аудан әкімінің шешімімен табиғи спаттағы төтенше жағдай жарияланған. Баяндамашы сөзінің соңында ағымдағы жылы 30 қауіпті учаскені қалпына келтіруге қажетті қаржы 484,9 млн теңгені құрап отырғанын айтты.

Облыс әкімі қалыптасқан жағдайға байланысты Қазалы ауданы әкімі Нөжмадин Шамұратоваға сауал қойды. Аудан әкімі шаруаларға келген шығын заң аясында өтелетінін, өкінішке орай, бұзылған қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру үшін дариядағы су деңгейін төмендетпесе болмайтындығын жеткізді. Аймақ басшысы бұл орайда су мамандарының пікірін тыңдады. Сонан соң, облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменовке Қазалыдағы жағдаймен танысып, тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырды.

Жиында, сонымен қатар, Жанақорған ауданындағы қарғын судың тасқынына дайындық жайы тыңдалды. Аудан әкімінің орынбасары Серкожа Ыдырысовтың айтуынша, аудандағы тоғандар толықтай су қабылдап болған. Қорғаныс бөгеттері бекем.

Аймақ басшысы мәжіліс соңында күн тәртібіндегі мәселеге орай тиісті тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жеделдетуді жүктеді.

Нағымжан САУЯЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

КӘСІПКЕРІ КӨП АУЫЛ

Баршаға Қамбаш атауымен мәлім көлдің аумағына қоныстанған қауымның еңбегі – еңселі, тіршілігі – түзу. Ауылдың тұрғындары замана ағымымен кәсіпкерлік саласын да дөңгелентіп отыр. Елді мекенде аралас заттар дүкені мен наубайхана, май құю бекеті, су тасу қызметі, есік-терезе жасау цехы және өзге де кәсіпкерлік нысандары халыққа қызмет көрсетеді.

Нақты кезінде Қамыстыбас ауылдық округі бойынша 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 4 шаруа қожалығы, 46 жеке кәсіпкер тіркеліп, жұмысын жандандыруда. Өткен жылы ауылда жеке кәсіпкер салған тойхана пайдалануға берілген болатын. Сүйсінерлігі сол, «Қуаныш бөлесіне көбейсін» деген қазақы кеңпейіл қағиданы тұтыған осы кәсіпкер қуаттылығы жылына 18 тонна нан өнімдерін шығаратын наубайхана да ашылты. Сондай-ақ, өз қаражаты есебінен ағаш өнімдерін өңдеу және пластик есік-терезе жасау цехын ашқан тұрғын да шаруасын игеріп жекті. Бұған қоса, Қамыстыбаста қаз шаруашылығын дамыту, түіе өсіруді қарқынды

мақсатында, «Құлан» бағдарламасы аясында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалы арқылы несие алғандар да жемісті еңбек етуде.

Арал теңізі және Қамбаш көлінің орналасуы аудандағы туризм саласының дамуына зор мүмкіндік береді. Облыс көлемінде туристік кластерін дамытуға басымдық беріліп отырған «Байқоңыр» ғарыш айлағына аудан арқылы теміржол және автокөлік жолдары жүргізілген. Сонымен қатар, аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын, жалпы көлемі 494 гектар жерді құрайтын «Қамбаш» демалыс аймағын құру жұмыстары жасалуда. Соған орай «Қамбаш» демалыс аймағын дамытуға қатысты аудан әкімінің арнайы іс-шаралар жоспары жасалып бекітілді. Бұл шаралар аясында туристер үшін қолайлы жағдай жасаудың барлық тетіктері іске қосылды.

Бүгінде кәсіпкерлер тарапынан демалыс аймағына 80-ге жуық нысан салынып, 30 млн теңгеден астам инвестиция құйылып отыр.

Көл жағалауында қатер, үрлемелі қайық, қатамаран, гидроцикл сынды жүзу құрылғылары тынығушыларға қызмет көрсетеді. Құрылыс жұмыстарына 350-ден астам жергілікті адам тартылса, 150-ден астам адам маусымдық жұмыспен қамтылды. Өткен жылғы жазғы демалыс маусымында демалыс аймағына 70 мыңнан астам адам келіп тынықты.

Сонымен қатар, Қамыстыбас демалыс аймағын дамыту үшін қосымша инвестиция тарту мақсатында заңдылыққа сәйкес берілген 1 гектар жер теліміне жеке кәсіпкер М.Өтеев 75 млн теңге қаржы салып отыр. 10 үйдің құрылыс жұмыстары аяқталып пайдалануға берілді. Аталған демалыс аймағында заманауи үлгідегі волейбол, футбол алаңдары және теннис корттары орналасатын болады.

Кәсіпкері көп ауыл – керемет ауыл.

Жұмабек ТАБЫҒАЕВ,
Арал ауданы,
Қамыстыбас ауылдық округі.



СӘУІРДЕГІ СУРЕТШІЛЕР
СИМПОЗИУМЫ



● **ЖАҢАЛЫҚ**



200 жылдық мерейтойына арналады. Оны облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен облыстық мәдениет басқармасы ұйымдастырып жатыр. Ауқымды шараның маңыздылығы туралы Қызылорда көркемсурет галереясының меңгерушісі Гүлнар Рамазановадан сұрап білдік. Оның айтуынша, симпозиумға Алматы, Астана, Павлодар, Орал, Өскемен, Шымкент, Ақтөбе, Жезқазған және Қызылорда өңірлерінен қылақал шеберлері қатысады. Олардың қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Өмірбек Жұбаниязов, Мәжит Бөйтенов, Қазақстанның мәдениет қайраткерлері Мәлік Қайдаров, Өсербай Шоранов, Бақытнұр Бүрлесбеков, Ғани Баянов және басқа да бейнелеу өнерінің шеберлері – бас-аяғы 25 шақты адам бар.

Осы уақыт аралығында пленэр ұйымдастырылады. Яғни қатысушылар ауада жұмыс істейді. Ашық аспан астында, табиғат аясында, белгілі бір орындарда өздері куә болған көріністерді кенепке бейнелейді. Мысалы, таңның арайлап атқаны, кештің қызарып батқаны, жаңбырдың жауғаны сияқты құбылыстар. Ол үшін біз қонақтарды Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің жағалауына, Қармақшыдағы «Қорқыт ата» мемориалды кешеніне, Жанақорғандағы Қаратауға апарамыз, – дейді Гүлнар Тәжікқызы.

Шараның тағы бір ерекшелігі, суретшілер бір-бір туындысын, пленэр барысында салған суреттерін сыйға тартып, галерея қорын толықтыра түседі. Айта кетейік, мұнда қазіргі

күні Өбдіхан Қастеев, Айша Ғалымбаева, Ағымсалы Дүзелханов, Гүлфайрус Исмаилова, Қойшыбек Мамақовтан бастап отандық және сырбойлық өнер иелерінің 300-ге жуық туындысы сақтаулы. Одан бөлек, жерлестеріміз әрқес шет елде де, республиканың басқа облыстарында да қарым-қабілеттерін дәлелдеп, жетістіктерімен танылып жүр.

Республикалық суретшілер симпозиумы 27 сәуір күні сағат 16.00-де көркемсурет галереясында (бұрынғы облыстық әскери комиссариаттың ғимараты) салтанатты түрде ашылып, 3 мамырға дейін жалғасады. Шараның соңғы күнінде сағат 11-де сурет көрмесі ұйымдастырылады. Қатысушыларға диплом, сертификат және сурет салуға қажетті құрал-жабдықтар табыс етіледі. Барлығына бір реттік стипендия беріледі.

– Бұл әріптестеріміздің бір-бірімен тәжірибе алмасып, әріптестік әрі шығармашылық байланыс орнатуы үшін керек. Бұл оларды ынталандыра түседі, – дейді галерея меңгерушісі.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.



● ЖОЛДАУ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ БАҒЫТЫНДА

ҚР Президенті Н.Назарбаев биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекегеабілеттілік» атты Жолдауындаауқымды бес басымдықты атап берді. Соның бірі, екінші басымдықка сәйкес, бүгінгі күні биылдан бастап енгізілген «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын» іске асыруға кірісіп те кеттік. Бағдарламаны жүзеге асыру туралы облыс әкімімен іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жалпы бағдарламаны жүргізуге республикалық бюджеттен 3,7 млрд теңге қаралды, мемлекеттік қолдау шараларымен 11455 адам қамтылатын болады. Бағдарлама үш бағыттан тұрады. Бұл бағыттар арқылы азаматтарды қысқа мерзімді кәсіптік оқумен, техникалық және кәсіптік даярлаумен, микрокредиттермен қамтылу көзделген. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту Жол картасы бекітіліп, биылғы жылы берілетін барлық микрокредиттер бір жерге топтастырылды. Бұл тұрғындарды нәтижелі жұмыспен қамтуға және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, облыста халықты жұмыспен қамту және мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз ету мақсатында Кешенді жоспар әзірленді.

Жалпы, статистикалық мәліметтерге сәйкес 2016 жылдың төртінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрап, еңбек нарығындағы тұрақтылық сақталды. Дәл осындай ауқымды тапсырмалардың бірі – Жолдаудың төртінші басымдығында қаралды. Яғни, биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі (ММСЖ) енгізіле бастайды. Бұл жөнінен тиімділігі әлемдік тәжірибе арқылы дәлелденген. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушыларға кең ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылады. Оған халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының қатысуына мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Осы бағытта облыс әкімдігі жанынан «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласы бойынша түсіндіру және мәртебесі анықталмаған азаматтардың мәртебесін анықтау мәселелерімен айналысатын өңірлік штаб құрылды. Аудандар бойынша аудандық штаб мүшелері сайланып, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізуде.

СПОРТ САЛАСЫ ЖОСПАР ТАЛАБЫН САРАЛАДЫ

«Мұз айдыны» спорт кешенінде Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласын жаңғыртудың 2025 жылға дейінгі Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмысшы тобының кеңейтілген отырысы өтті. Мәжіліске ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елсіняр Қанағатов, Астана, Алматы қалалары және облыстардың дене шынықтыру және спорт басқармаларының басшылары, аймақтағы спорт саласының мамандары қатысты.

Отырыста, іс-қимыл жоспарында қамтылған бұқаралық, жоғары және мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасындағы спортты дамыту, мамандар әзірлеу, саланың қоғамдық бірлестіктер жүйесін, инфрақұрылымдарды дамыту, жарыс өткізу кезіндегі және қоғамдық инфрақұрылымдардағы қоғамдық қауіпсіздік, допингке қарсы шараларды жетілдіру, елдің спортшы имиджін арттыру, саланы қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселелері жан-жақты талқыланып, нақты ұсыныстар берілді.

Жылы қорытындысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елсіняр Қанағатов іс-қимыл жоспарын әзірлеуге байланысты қажетті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ТАЛПЫНҒАНҒА ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне қала әкімдігі, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлігімен бірге «Түлек - 2017» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Шарада университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов 2015-2016 оқу жылында университетті бітірген 633 жастын 85 пайызға жұмысқа орналастырғанын жеткізді. Бұл іргелі оқу орнының сұранысқа сай мамандар даярлап, еңбек нарығының қажеттілігін тап басып отырғанын көрсетеді. 2018 жылға дейін аймақтағы өндіріс орындарымен, білім беру ұйымдарымен бітірушілердің біліктілік талаптарына сәйкес болуы үшін әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісімшарттар жасалған. Университет ректоры шара барысында 4-курс студенттеріне жұмысқа орналасу жолдамаларын табысталады. Қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық әділет департаментінің басстығы Қалдыбек Сапаров, «Сербанк» АҚ филиалының өкілі Жанар Оспанова, «Жастар ресурстық орталығы» КММ бөлімінің аға кеңесшісі Сәдірбек Жұмабеков талпынғанға жұмыс табылатынын айтып, жастарға сәттілік тіледі.

Жәрмеңкеде 100-ден астам жұмыс беруші бос жұмыс орындарын ұсынды. 40-қа жуық өндіріс орыны студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізіп, оқу бітірген соң жұмысқа қабылдауға келісім берді. Университет ректоры Қ.Бисенов пен жұмыс беруші 9 мекеменің басшылары өзара қызмет және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Жолдауда көрсетілген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы жұмысты жүргізудің басты мақсаты – тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізуді кең түрде жүргізу. Оның қолжетімділігін арттыру. Осы мақсатта арнайы медиа-жоспар дайындалып, бүгінгі күні бұл жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Яғни, облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде «Денсаулық», «Медициналық сақтандыру», «100 сұрақ-100 жауап», «100 вопросов-100 ответов» айдарлары ашылды, барлығы 51 материал жарияланды. Облыстық «Қазақстан-Қызылорда», тәуелсіз «Қоғам ТВ» телеарналарының «Ұлт саулығы», «Жаңа күн», «Өзежарды», «Мезгіл мәселесі» бағдарламалары мен жаңалықтар топтамасынан 13 сюжет көрсетіліп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы бейнеролик ай сайын (10 күннен) эфирден беріледі.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі арқылы дайындалған буклеттер мен бейнероликтер облыстық, Қызылорда қалалық, аудандық емдеу мекемелеріне таратылды. Осылайша міндетті медициналық сақтандыру бойынша тұрғындар кез келген сұрақтарына жауап алуына толықтай мүмкіндік жасалып отыр. Сонымен қатар, облыс бойынша 8 мыңнан астам адамның қатысуымен 90 кездесу ұйымдастырылды, оның ішінде қала, аудандардың тұрғындары, медицина қызметкерлері, бюджеттік сала қызметкерлері, кәсіпкерлер, ауылшаруашылық мамандары, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, зейнеткерлер, жұмыссыздар бар.

Заң қолданысқа енгізілгеннен бастап мемлекет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына (МӨМС) жарнауылдарды аударуды қаржыландырады, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін жарнапұл аудармайды деген сөз, себебі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар сол уақытқа дейін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуді немесе жеке тұлға ретінде жарнаны өзі салуы керек. Сонымен қатар, айта кету керек, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ешқандай табыс әкелмейтін, жеке кәсіпкер ретінде тіркелгеннен көрі, арнайы салымдарды төлемесу үшін жұмыссыз ретінде тіркелгісі келеді. Сондықтан тіркелген жұмыссыздардың саны елімізде еселеп өсетін болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес Қызылорда облысы бойынша өзін-өзі жұмыспен қам-

тығандар саны 121 мың адамды құрап отыр. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енген жағдайда бұл азаматтар өздерінің қай санатқа жататындығын немесе басқа да мәселелерге қатысты туындаған сұрақтар бойынша жұмыспен қамту орталықтарына хабарласа бастауы әбден мүмкін.

Осындай келенсіздіктерді болдырмау мақсатында бүгінгі таңда Жұмыспен қамту органдары аймақ тұрғындарының мәртебесін (қандай санатқа жататынын) нақтылау жұмыстарын жүргізуде. Нәтижесінде аймақта мәртебесі белгісіз 238 602 адамның 3 660-ның мәртебелері анықталды немесе 1,5 пайыз. Соның ішінде: зейнеткерлері – 40, жұмыс істейтіндері – 190, жұмыс істемейтіндері – 24, жұмыссыз ретінде тіркелгендері – 17, қайтыс болғаны – 12. Әрбір азамат туралы мәліметті бір электрондық жүйеге енгізу мақсатында бүкіл республика бойынша байланыстырылған «Е-Халық» ақпараттық жүйесі жасалған.

Үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап аталған ақпараттық жүйемен жұмыс жүргізу үшін Қызылорда қаласы мен аудандық халыққа қызмет көрсету орталықтарында жұмыспен қамту орталықтарынан арнайы 2 қызметкерден бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты жұмыссыздар мен өз бетінше жұмыспен қамтылған адамдар осы кезден бастап өздерінің санаттарын нақтылау мақсатында халыққа қызмет көрсету орталықтары мен тұрғылықты жұмыспен қамту орталықтарына, ауыл әкімдеріне хабарласуларына болады.

Өзекті мәселелердің бірі – «Е-Халық» ақпараттық жүйесін облыстың елді мекендеріне қосу. Бұл туралы біздің басқармамен жүйелі сызба (схема) дайындалды. Егер ұсынысымыз министрлік тарапынан қолдау тапқан жағдайда аудан орталықтарынан қашықта орналасқан елді мекендердегі тұрғындардың санаттарын анықтауға үлкен мүмкіндік берері сөзсіз. МӨМС-ті енгізу нәтижесінде медициналық қызметтің сапасы және қолжетімділігі артады, тұрғындардың денсаулығының көрсеткіші жақсаралы. Оның ішінде азаматтардың өмір сүру ұзақтығы өседі. Осыған сәйкес көрсетілетін қызметтің сапалы да толық болуына емделуші тарапынан талап күшейеді. Сондықтан әрбір адамның «Медициналық сақтандыру маған не береді?» деген сұрағына жауап алуы үшін жұмыстар жан-жақты жүргізіліп жатыр. Нәтижелі болатынына сенімім мол.

Аманжол АЛДАЖАРОВ, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫ САУ, СЕЗІМІ СЕРГЕК БОЛСЫН

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Ержан Ерсанов Білім министрінің республикалық конференцияның ашылуымен құттықтаған хатын оқып берсе, Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ бағдарламаларының координаторы Айгүл Қадірова өткен жылы еліміздің Білім және ғылым, Денсаулық сақтау және Ішкі істер министрліктері мен ЮНИСЕФ-тің бірлесе отырып, Қызылорда облысында суицидтің алдын алуға арналған пилоттық жобасының іске асырылғаны жөнінде айтып өтіп, конференция жұмысына сәттілік тіледі.



Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры – ЮНИСЕФ-тің мәліметтері бойынша, қазақстандық оқушыларды қоржыты ғана денсаулығы жақсы деген топқа жатады, қалған балалар түрлі аурулар бойынша түзеуел топтарына тіркелген. Жастар денсаулығының индексі жылдан жылға төмендеп келеді. Мәселен, 5-тен 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы суицид, яғни, өзіне өзі қол салу көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемдегі ең нашар он елдің қатарында болса, 15-тен 29 жасқа дейінгі жастар арасындағы суицид жиілігі бойынша еліміз әлемдегі 4-орында екен.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық орталығының директоры Жәмила Баттакова «Мектеп жасындағы балалардың өз денсаулықтарына қарым-қатынасының тәртібін бағалау және қоғамдық денсаулық сақтау бойынша ұсыныстар» тақырыбындағы баяндама-сында облысымыздағы мектептер бойынша жүргізілген зерттеулердің қорытындысымен таныстырды. Мәліметтерге сүйенсек, 11-15 жас аралығындағы мектеп оқушыларының апталық шылым шегу көрсеткіші 1,8 пайызды қамтыса, бұл жастағылардың алкогольді сусындарды апталық тұтынуы 3,6 пайызды құрайды екен. Мектепте айына екі

● БРИФИНГ

АУРУДЫ АЛДЫН АЛСА, АСҚЫНБАЙДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Жастар денсаулығы мен өмірлік дағдылары: заманауи тәсілдер мен озық тәжірибелер» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында журналистерге арналған брифинг өтті.

Брифингке облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов, Қазақстандағы БҰҰ-ның (ЮНИСЕФ) Балалар қоры бағдарламаларының үйлестірушісі А.Қадірова, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі психикалық денсаулықтың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры С.Алтынбеков, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Ұлттық орталығының директоры Ж.Баттакова, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Е. Ерсанов қатысты.

Бүгінде бүкіл әлемді алаңдатқан суицид проблемасы тек қана денсаулық сақтау немесе білім беру салаларының «бас ауруы» болудан қалып барады. Бұл кеселге қатысты статистиканың сандық көрсеткіштері де сұрылт тартып тұр. Сондықтан суицидтің алдын алу алғышарттарын қалыптастыру күн тәртібінен берік орын алған болатын. Бүзін облыста 2015 жылы республикада алғашқылардың бірі болып «ЮНИСЕФ» Балалар қорының «Кәмелетке толмағандар

арасындағы суицидтер превенция-сы» пилоттық жобасы енгізілген еді. Облыс әкімінің орынбасары Р. Рүстемов суицидтің алдын алу жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін біздің өңірде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, құқық қорғау, ақпараттандыру қызметтерін қамтитын салааралық кешенді жұмыстар атқарылғанын айтты. Әлемде бартәжірибені бейімдеп енгізуге жағдай жасаған БҰҰ-ның Балалар қоры – ЮНИСЕФ-тің еңбегіне алғыс білдірді. Қазір жүйелі сипаттағы бұл жоба он нәтижесін беруде.

Қазақстандық мамандар тиімді әдістеме мен жұмысты ұйымдастыру дағдылары не болды, жобаны бүкіл ел көлемінде жүзеге асыруға байланысты өзіндік көзқарас пен іс-қимыл алгоритмі қалыптасты. Алдағы уақытта қызылордалықтар тәжірибесі бүкіл елге таратылып, жас ұрпақты салауатты өмір салтына үндеу, жас ойлардан бойын аулақ ұстауға үйрету бастамаларына негіз болмақ.

Брифингке қатысушылар жоба қолға алынардан бұрын және жақында жүргізілген мониторинг

нәтижесі көңіл қуантарлық деп отыр. Осыдан 2 жыл бұрын сауалнамаға қатысушылардың арасында өз-өзіне қол жұмсауға тапшыны жасағандар болған еді. Осы уақытта жасөспірімдер мен балалардың көзқарасы мүлде өзгерген. Қайта жүргізілген сауалнама қорытындысы суицилде бейім балалардың бұрынғы ойынан айнығанын көрсетті.

Психологтар мен әлеуметтанушылар жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау себептерін баланың тұрмыс жағдайынан, отпелі кезеңдегі психикалық күйзелістерден, ата-ана мейірімнің жетімсздігінен іздейді. Қалай болғанда да бұл дерт осы жағдайды бастан өткерген отбасының немесе ата-ананың ғана емес, қоғамның мәселесіне айналды. Қоғам бір жеңнен қол шығарып, осы проблеманың шығу төркіні мен оның алдын алуға ден қойды. Жобаның келесі кезеңіне өту алдында жергілікті мамандар зерттеу материалдарымен, бай жұмыс тәжірибесімен қаруланды. Бұл кеселге тосқауыл болуға септігін тигізетіні сөзсіз.

М.МЕРЕЙ.

БАЗАЛЫҚ ҮЗДІК КОЛЛЕДЖ АТАНДЫ

Еліміздегі білім беру ұйымдары жас ұрпаққа уақыт талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие жолында жетілуді бастан өткеруде. Материалдық-техникалық базаны нығайту, ұстаздар қауымының біліктілігін көтеру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Мұндай жанаашылыққа Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі де не десек, артық айтқандық емес. Оқу ордасы биылдан бастап білім берудің жаңаша моделіне сәйкес «жоғары» статусына ие болды. Бұл үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбекті серік еткен педагогикалық ұжымның жетістігі екендігі даусыз.

Өріне, өткенсіз бүгін жоқ. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, білім ордасының іргетасы 1930 жылдары қаланды. Өнеркәсіп, теміржол, ауылшаруашылық мамандарын даярлау жолындағы әрбір асу мен шыққан биіктің әр жылдарда өз үлесі бар. 87 жылдық тарихтың бүгінгі бейнесінен жанарғандық, жасарғандық айқын көрінеді. Атаулы жылдарға арнайы тоқтала түссек, 1997 жылы 8 мамырда оқу орны Қызылорда ауылшаруашылық, политехникалық және теміржол колледждерін біріктіру арқылы қайта құрылды. 2003 жылы Қызылорда аграрлық техникалық колледжіне қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, соғыс және еңбек ардагері, техникум түлегі – Исатай Әбдікәрімовтың аты берілді. Иә, жайсаңдар мен жақсыларға қанат қатырған білім ошағы өткенімен өрлейтін түседі, бүгінгімен биіктейді. Қызылорда облысының әкімдігінің 2017 жылдың 7 наурызындағы №729 қаулысына сәйкес колледжіміз Қызылорда облысының білім басқармасының «И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қызнаылық кәсіпорнын болып қайта аталды.

Кез келген істің өз нәтижесін беруі қажеттіліктердің қамтылуымен тікелей байланысты. Ғылым мен техника қарыштап дамыған



мына заман оқу процесін үздіксіз түлетуді, материалдық-техникалық базаны сәт сайын жаңалауды талап етеді. Осы талап үлесінден шығуды ардайым мақсат тұтамыз. Колледждің 2-оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті стенділермен және техникалық оқу құралдарымен жабдықталған 24 зертхана және 99 оқу кабинеті бар. Сондай-ақ, жұз мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана шөкірттердің білім нәрімен сусындауына қызмет етеді. Акт залы, спорт кешені (2 спорт залы, тренажерлы-атлетикалық зал, жүзу бассейні, сауна), 200 орындық жатақхана, 150 орындық асхана студенттерге бар жағдай жасап отыр. Ал, колледждің оқу-өндірістік полигоны 150 га жерді құрайды. 7 оқу шеберханасында оқушылар ме-

талды жону, тегістеу және электрлік пісіру жұмыстарын жүргізіп, жұмысшы мамандығына дағдыланып. 40 оқу кабинеті интерактивті тақталармен, химия және физика кабинеттерін зерттеу жүргізуге толық жабдықталған. Бүгінгі таңда оқу орнында 2000-нан астам студент білім алуа.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұлт жоспарына «Экономика» («100 нақты қадам» бағдарламасының 77-қадамында) «Айнамаңның алты негізгі саласы үшін алдыңғы қатардағы он колледжде біліктілігі жоғары мамандарды даярлау, одан әрі еліміздің басқа да білім беру орындарында тәжірибесін тарату» міндеттелген болатын. Осыған сәйкес, ҚР Білім және ғылым министрлігі және ҚЕ АҚ «Кәсіпкер Холдингті» бірігіп, біліктілігі жоғары мамандарды «Нақты даярлауды» қамтамасыз ету мақсатында 10 базалық колледжді анықтады. Жан жадыратар жанаалық – 10 колледждің бірі И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі атанды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «...Ел байлығы деген не, ол – білім, ол – жаңа технология, ол – бәрінен бұрын отаншылдық сезім», – деген еді. Бұл орайда колледжімізде білікті мамандар даярлау үшін әрқашанда білім саласындағы тың жаңалықтарды оқу, тәжірибе үлерісіне енгізіліп отырады. Мәселен, 2013 жылдан бастап колледж дуальды оқыту жүйесін қабылдады. Оның шеңберінде тиісті жұмыстар өз жалғасын тауда.

Сонымен қатар, интеграцияланған оқу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жоғары колледжіміз 5 мамандықпен тоқтап қалмай, 2018-2021 жылдар аралығында 30 мамандықты лицензияға ұсынғалы отыр.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі директоры.



Мемлекет басшысының еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын одан әрі қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын көтеру жөніндегі тапсырмаларын орындау Қазалы ауданында күн тәртібіне тұрақты түрде қойылған. Соған орай шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған іс-шара жоспарлары қабылданып, жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қазалы ауданының 2016-2018 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту картасы бекітіліп, атқарылған шаралар өз нәтижесін беруде. Мәселен, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 4173 бірлікті құраған. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,1 пайызға артық. Жұмыспен қамтылған адамдар саны 8819-ға жетіп, жаңадан 538 кәсіпкер тіркелген екен.

Біздің аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбиевпен жасаған сұхбатымыз осы бағытта өрбіген болатын.

КӘСІПКЕРЛІГІ КЕМЕЛ ҚАЗАЛЫ

– Нақты кезеңде кәсіпкерліктің алда басуына «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы зор септігін тигізіп отырғаны белгілі. Өңірдеміздің желісін қазылылық іскер жандардың бағдарламасы деген қызығушылығы қандай деген сауалдан бастасқ...

– Өте орынды. Өзіңіз айтқандай, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы кәсіпкерліктің қарқынды дамуына тікелей ықпал етуде. Бұл бағдарламаға аудан кәсіпкерлерінің қатысуы жоғары деңгейде. Мысалы, өткен жылы құны 235,9 млн теңге құрайтын 9 жоба іске асырылса, осы жылдың өзінде 141,9 млн теңгелік 4 жоба қаржыландырылды. Бұл Қызылорда қаласынан кейінгі жоғары көрсеткіш десек, жаңылмаймыз.

Ал «Даму-Өндіріс» бағдарламасы іске асырылғаны бері 2 жоба жүзеге асырылып, аудан экономикасының дамуына өз әсерін тигізуде. Бұған қоса, «Даму-Аймақтар» бағдарламасы аясында 2 жобаға айналып қаражаттың ұлғайту бойынша 110 млн теңге несие берілді. Биылғы жылдан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуды 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы жүзеге асырылмақшы. Бағдарлама аясында көсіптік даярлауға, қайта даярлау курсына оқыту, «жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бойынша мал және ауыл шаруашылығымен, жүк көлігі және жолаушылар тасымалымен айналысу үшін несие беру жоспарлануда. Кәсіпкерлік негізде оқытылатын адамдардың тізімі аудандық кәсіпкерлік палатасына берілді. Осы айдан бастап кәсіпкерлік негізде оқыту межеленуде. Сондай-ақ, «халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының үткірлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бойынша әлеуметтік жұмыс орнына жалақыны субсидиялауға 15,1 млн теңге бөлінді. Жұмыс берушімен келісімшарт жасалып, 38 адам жыл аяғына дейін әлеуметтік жұмыс орнына, жас мамандар бастап тәжірибесіне жіберілді. Жыл басталары 106 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

– Индустриялық аймақ ұйымдастырып, оны қажетті инфра-

құрылыммен қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті дамытуы бірден-бір қолдау шарасы екені мәлім. Осы төңіректе қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бұл бағытта ауданда «Өндірістік аймақ» ұйымдастыру жобасы бойынша 12,7 гектар жер учаскесін инженерлік-инфрақұрылым желілерімен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен қажетті қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Қазіргі таңда аудан кәсіпкерлері тарапынан жаңа 10 жоба бойынша жер учаскелері алынды. Оның ішінде жалпы құны 70 млн теңге құрайтын 3 жоба іске қосылып, 33 жаңа жұмыс орны ашылды. Қалған жобалар бойынша іске асыру мерзімдеріне сәйкес қаржыландыру жолдары зерттелуде. «Өндірістік аймақ ұйымдастыру жобасы» бойынша бос тұрған жер учаскесіне өнім сақтау қоймасы мен сауда қатарларын ұйымдастыру және жылжымай орналастыру көзделуде. Сондай-ақ, «Сауда-логистикалық орталық ұйымдастыру» жобасы бойынша Өйтеке би кентінің орталығынан бірнеше инвестициялық жобаны жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында 50 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізі бойынан сервистік қызмет көрсететін нысан салуға 3 жер учаскесі алынғанды. Салынған нысандардың бірі осы жылы пайдалануға беріледі. Жоба толық іске қосылған кезде 20 адам жұмыспен қамтылатын болады.

– Қазалы ауданы кезінде алыс және жақын иет елдерге «Сыр қауымы» деген брендке ие болғанын жұртшылық мақтанышымен еске алады. Тіпті сонау 1948 жылы Брюссельде өткен халықаралық көрмеде Қазалының қара күзбісі алтын медаль иеленгені көзі қарақтыларға аян. Ендеше осы тақырыпты тәркатип берейсіз...

– Жергілікті халықты бай-бақша ету жұмыстарына тарту, ынталандыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жыл бойы жүргізілді. Бүгінде аудан жұртшылығы, оның ішінде ауылдық

нымен қатар, Қазалының қауымының Ақтөбе облысында саудалануы жолға қойылды. Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай ауданына кооператив төрағалары және ауыл әкімдері іс сапарға барып, ондағы жергілікті бақша өсірушілермен кездесті. Тәжірибе алмасып, пленка астында тұқым өсірумен танысты. Нәтижесінде жергілікті жиеншар (торпед), колхозница, жүлдіз, валет қауын тұқымдары кооператив мүшелерінің қаржысына сатып әкелінді. Енді осы тұқымдар ауыл шаруашылығы кооперативтері арқылы өндірістік негізде егілетін болады. Оған қоса 75 мыңнан астам тұрғыны бар көршілес Байқоңыр қаласындағы пайдаланылмай тұрған бұрынғы сауда және қызмет көрсету ғимараттарын аудандық коммуналдық меншікке алу арқылы кәсіпкерлік аясын кеңейтіп Қазалыда өндірілген көкөніс, бау-бақша, азық-түлік өнімдерін ғарыш айлағының халқына алғашқыларын жасалуға. Су айдайтын насос алу үшін биыл облыстық бюджеттен қаржы қаралып, 8 насос алу жоспарланып отыр. Бақшалық жерлерді қоршау жұмыстарына аудандық бюджеттен қаржы бөлінді.

– Орайы келгенде ауданда жүзеге асырылуда тиісті инвестициялық жобаларға тоқтала кетсейіз.

– «Р3А» АҚ-ның «1200 басқа арналған ірі қара өсіру кешені мен сүт зауытының II кезеңі» жобасы іске асқанда сүт зауытының қуаттылығы

еселеніп, тәулігіне 30 тоннаға дейін жеткізілетін болады. Ол үшін зауытты қайта жарақтандырып, қажетті қуаттылықтағы инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз ету жұмыстарын атқару қажет. Осы орайда жобасметалық құжаттарын әзірлеуге аудандық бюджеттен 13,5 млн теңге қаржы бөлінді. Алдағы уақытта ұсынысымызға байланысты зауытты инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге республикалық немесе облыстық бюджеттен қаржы бөлу қажеттілігі туындауда. «Қазалы Керуен» БҚ» ЖШС-ның «Көлік, сауда-логистикалық орталық» жобасы бойынша «Сенім-Табиғат» ЖШС «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп «Қалалық автовокзал құрылысын» салу жобасы іске асырылуда. Осы мақсатта «Байқоңыр» ӨЖҚ» 77,4 млн теңге, серіктестік 80,4 млн теңге қаражат бөліп отыр. Құрылысқа қажетті материалдардың басым бөлігі жеткізіліп, жер жұмыстары, іргетасын орналастыру жүргізілуде. Жоба аясында 250 адам қабылдап- өткізу



қызметін көрсететін көлемі 1100 шаршы метр болатын автовокзал ғимараты, 50 автокөлікке арналған автотұрақ, басқа да қызмет көрсету орындары мен демалыс алаңдары салынатын болады. Автовокзал құрылысы осы жылдың шілде айында аяқталып, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы арнайы ресертрге алынады деп күтілуде. Басқа да игілікті жобалар бар.

– Өңірдемізге рәхмет. Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы.

● БРИФИНГ

БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» енді депозит ашарда тұтынушыдан комиссияның құнын сұрамайды. Бұл туралы сәрсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Айзат Ізтілеуова мәлімдеді.

Айталық, биылғы жылдың 3 сәуірінен бастап тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы және келісімшарттағы ақшаны көбіейту туралы келісім жасалғанда комиссия мүдде алынбайды.

– Директорлар кеңесінің шешімімен тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын жасағаны үшін және шарттық соманы арттыру үшін алынатын комиссия көлемі 0 теңге болып бекітілді. Бұл өзгертулер күшіне енді. Естеріңізге сала кетейік, бұрын аталған қызметтер үшін алынатын комиссия көлемі шарттық соманың және депозиттің артыру сомасының 0,55% пайызын құраған еді. Әрине, бұл қызмет түрі тұрғын үй жағдайын жақсартқысы келетін азаматтар үшін қолайлы болары сөзсіз. Осы пилоттық жоба негізінде жұмыс жалғасатын болады, – деген А.Ізтілеуова аталған банктің оң өзгерістерге тоқталды.

Қазіргі таңда қалада құрылыс қарқынды жүргізілуде. Шаһарда бой көтерген көпқабатты зәулім үйлерден пәтер алу әрбір жас отбасылар мен баспанасыз жүрген азаматтардың арманы. Аталған жинақтау банкідегі бұл өзгерістер сол арманға қанат бітіргелі тұр. Бұлай дейгінім, сіз пәтер құнының 30 пайызын депозитке салсаңыз, ал қалған қаржы жылдық мөлшері 5 пайыздық үстемекымен ұзақ жылға рәсімделеді. Тағы бір қуантарлығы, банк жүйесіндегі жаңа өзгерістерге сәйкес салымшының несептік тарихын қарастырмайды. Мәселен, басқа банкте несеніз болса немесе, бұрын несие рәсімдеді, оны мезгілінен кешігіп төлесеңіз де осы жинақтау банктен үй алуға мүмкіндік бар. Сонымен бірге, ауылдағы ағайындар да қала орталығынан пәтер алуға болады.

Банк өкілінің сөзінше,



қазіргі уақытта «жергілікті атқарушы органдарда кредиттік тұрғын үй құрылысы» бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы облыс орталығындағы Жаппасбай батыр көшесі бойында орналасқан №12,13 және Ә.Қашаубаев көшесі бойында орналасқан №1,2 көпқабатты 50 пәтерлік тұрғын үйлерге дауыс беру түрінде өтініштер қабылданауда. Тұрғын үй бағасының 1 шаршы метрі 136 600 теңгеден басталады. Бағдарламаның талабы тұрғын үй бағасынан 30 пайызы конкурса қатысу барысында салымшының депозиттік шотында болуы шарт.

Сонымен қатар, брифинг барысында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жеке тұрғын үйлерді салу жоспарда бар екендігі айтылды. Демек, алдағы уақытта үй кезегінде тұрған отбасыларға жер үйлердің де кілті табысталамақ.

Нұрсұлтан ҚАЗЫБЕКОВ.

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЖҮЙЕ

Облыстық Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаксылық Әбдусаматов пен медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы Бақыт Исмаханбетов елімізде қолға алынғалы отырған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жайында айтып берді.

– Медициналық сақтандыру жүйесі әлемдік үрдіс. Әлемдік тәжірибеде ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Сақтандыру жүйесі – медицина саласының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің, ынтымақтастық жауапкершілік пен жүйенің тиімділігін арттырудың озық үлгісі. Біздің елімізде де жүйені енгізу бағытында біршама жұмыстар атқарылуда. Оны іске асырудың заңды тетіктері қарастырылған. «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 80-қадамында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу көзделсе, 2015 жылы қарашада «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ж.Әбдусаматов.

Мамандардың айтуынша, өткен жылы аталған жүйені тұрғындар, жұмыс берушілер, медицина қызметкерлері арасында талқылау, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Облыс көлемінде арнайы штабтар құрылып, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілген. Осындай талқылаулардың нәтижесінде бытыр Заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, мерзімі алты айға кешіктірілсе, қазіргі таңда жаңа жоба ҚР Парламенті мәжілісінің қарауында.

Жалпы, алдағы жылдың I қантарынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске асырылады. Ал, осы жылдың I шілдесінен бастап әрбір азамат сақтандыру қорына жарна төлеуге міндетті.

– Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санаттары үшін мемлекеттің МӘМС- жарналары 2018 жылы – 3,75 пайыз, 2019 жылы – 4 пайыз, және 2022 жылдан бастап мемлекеттің жарналары есептеу объектісінің 4 пайызынан кем емес, бірақ 5 пайызынан артық емес, бұл ретте ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар көрсетілген санатқа

кірген жағдайда мемлекет олар үшін де төлейді. Жұмыс берушілердің қорға аударымдарының мөлшерлемелері 2017 жылы 1 пайызға дейін, 2018-2019 жылдары 1,5 пайызға дейін, 2020 жылдан бастап 2 пайызға дейін және 2022 жылдан бастап 3 пайызға дейін. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың қорға аударылатын жарналарының мөлшерлемесі мен объектісі қайта қаралады, – деді медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Б.Исмаханбетов.

Егер жарна төленбеген жағдайда еліміздегі әрбір азаматқа мемлекет тегін медициналық көмектің төмендегі түрлеріне ғана кепілдік береді. Атап айтқанда, жедел жәрдем және санитарлық авиация, әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде, профилактикалық етулер және 2020 жылға дейін амбулаториялық-емханалық көмек пен амбулаториялық дәрімен қамтамасыз ету. Ал жоспарлы стационарлық медициналық көмек, мейіргерлік күтім, паллиативтік көмек пен 2020 жылдан бастап амбулаториялық-емханалық көмек және амбулаториялық дәрімен қамтамасыз ету ақылы негізде көрсетілетін болады. Сондықтан да мамандар қазірген бастап барлық отбасы әрбір мүшесінің қай санатқа жататынын және ол үшін жарна қалай төленетінін анықтауы маңызды екенін айтады.

Айта кету керек, тұрғындардың 14 санаты бойынша, мәселен, балалар, жұмыссыздар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, іс жүзінде үш жасқа толғанға дейінгі баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдарға, зейнеткерлерге, ҰОС ардагерлері мен мүгедектеріне, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, мүгедектерге, сотталғандарға, күндізгі бөлімде оқитын студенттерге жарнаны мемлекет төлейді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

УАҚЫТША ШЕКТЕУ ЖОЛ САПАСЫН САҚТАЙДЫ

Автокөлік жолдары сапасының жоғары болуының маңызы зор. Осы орайда, автомобиль жолдары сапасының сақталуының қамтамасыз ету шараларының бірі, ол көктем мезгілінде жылы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында автокөлік құралдарының қозғалысына шектеу енгізу болып табылады. Қызылорда облысы V жол-климаттық аймаққа жатқандықтан ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің 11.03.2013 жылғы №162 бұйрығына сәйкес жыл сайын 1 наурызбен 1 сәуір аралығында уақытша шектеу енгізіледі.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы басшысының орынбасары Гүлмира Пірназарова шектеу енгізілген кездегі іс-шаралар туралы айтып берді. Оның атап өткеніндей, шектеу кезінде автокөлік құралдарының рұқсат етілетін білікке түскен салмақтық параметрлері 20 пайыз төмендету арқылы анықталады. Ауыр салмақты автокөліктер арнайы рұқсат көктемгі шектеу кезінде көрсетілген салмақтық параметрлердің есебімен беріледі.

Аталған шектеулерді тасымалдаушылардың назарына жеткізу үшін және жол желісінің сақталуына бағытталған облыс әкімімен бекітілген іс-шара жоспары аясында көктемгі шектеу кезінде қойылатын талаптары бойынша арнайы мәжіліс өткізілген болатын.

Сонымен бірге, көктемгі шектеу кезінде Инспекцияның ұсынысымен жергілікті және әкімшілік полиция «Қазавтожол» ҰК Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандарымен бірлесіп рейдтік тексерулер жүргізіп отырады. Инспекция өкілі тексеру нәтижесінде салмақтық параметрлерді сақтамағаны үшін 105-тен астам құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 12 млн теңге айыппұл салынғанын жеткізді. Сонымен бірге, тексеру барысында автокөлік құралдарының оздігінен борттарын өсірген деректер бойынша жергілікті және әкімшілік полиция тарапынан шаралар қолданылды.

Брифингте «Қазавтожол» ҰК» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Шанжархан Мырзабай автомобиль жолдарын пайдалануда ауыр көліктерді тигізгендер жүргізушілер тарапынан әлі де көптеген қателіктер кездесетінін және оларға қарсы шаралардың жүргізіліп жатқаны туралы атап өтті. Брифинг барысында журналистер сондай-ақ жоғарыда келтірілген шектеу жаз мезгілінде де қолданылатыны туралы мамандардан естіп білді. Ол 1 маусым мен 31 тамыз аралығын қамтиды. Осы аралықта күн райы 25 градустан жоғары болған кезде таңғы сағат 10-мен кешкі сағат 10 аралығында ауыр жүк автокөліктерінің республикалық маңызы бар жолдарда жүруіне тыйым салынады.

Ыдырыз ТӘЖІҰЛЫ.

● ИНВЕСТИЦИЯ

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ИГЕРУГЕ – 117 МЛРД ТЕНГЕ

2016 жылы облыс өңірінде қатты және кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар 117 млрд теңгегін инвестициясын игерді. Ол 2015 жыл көрсеткішімен салыстырғанда 265 пайыз құрайды. Бұл туралы газет тілшісіне ҚР Инвестиция және даму министрлігі Қызылорда аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының басшысы Ғалым Әлімбаев хабардар еткен еді.

Инспекция басшысынан мәлім болғанындай, өткен жылы Қызылорда облысы аумағында 92 заңды және жеке тұлға тиісті рұқсат құжаттары негізінде жер қойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізді. Олар негізінен өндіру, барлау жұмыстарын қамтиды. Рұқсат негізінен уран, ванадий, полиметалл, алтын, күміс, натрий сульфаты, жерасты сулары, емдік балшықтар кеніштерін барлау үшін берілді.

Сондай-ақ, инспекция тарапынан жер қойнауын пайдаланушылармен жобалық шешімдерді және жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамалықтарды орындауына 2016 жылы 30 тексеру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде 96 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 20 млн теңгеге жуық айыппұл салынып, толығымен өндірілді. Заң бұзушылықтар негізінен өндіру кезінде құлама жар бұрышының сақтамауымен, өндіру көлемі бойынша жоспарлық көрсеткіштерді орындамауымен байланысты болды.

Мысалы, Байқарқын алаңында «Karatau Mining» (Қаратау Майнинг) ЖШС мысты, алтынды және ілеспе құраластарды барлау жұмыстарын жүргізуде. Жоба бойынша кәсіпорын 6 жылда 881 млн теңге инвестиция салуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар облыс аумағында пайдалы қазбалар кен орындары негізінде біркәрт өнеркәсіп мекемелер ашылып, болашақта ірі зауыттар мен фабрикалар салу жоспарлануда. Мұндай

кәсіпорындардың іске қосылуы жер қойнауының қарқынды игерілуіне септігін тигізеді.

2015-2016 жылдары мемлекет қаржысы есебінен облыс аумағында «Ақжар кенішінде алтын, мыс пайдалы қазбаларына іздеу жұмыстарын жүргізу» және «Қызылорда облысы Қармақшы ауданында тереңдігі 3500 метрлік тіректі-параметрлік ұңғыманы қазу» жобалары бойынша жұмыстар жүргізіліп, толығымен аяқталды. Нәтижесінде Ақжар кенішінде біркәрт перспективалы жер қойнауы учаскелері анықталды.

Екі жоба бойынша – «Дарбаза учаскесіндегі алтын, мыс рудаларына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу» және «Өңірлік тірек кескіңдері бойынша кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеулер (геотраверстер) жұмыстарын жүргізу» бойынша жұмыстар қаржы тапшылығына және мемлекеттік табиғи қорық аумағында жұмыс жүргізуге рұқсат алуға байланысты тоқтатылды.

Сондай-ақ, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті Қызылорда облысы аумағында австралиялық әдіспен жер қойнауын пайдалану құқығын табыстау үшін 2 алаң дайындады. Олар Қызылорда Солтүстік Сырдария және Шіелі аудандарын, сондай-ақ, Қызылорда Оңтүстік Жанақорған ауданын қамтиды.

Ал аукцион арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын табыстау үшін Қызылорда облысынан 2 нысан дайындалды. Көскөл – алтын барлауға және Приаральное – темір рудасын барлауға бағытталып отыр.

Аталған жұмыстардың жүзеге асырылуы жер қойнауын пайдалану саласына қосымша инвестиция тартуға мүмкіншілік туғызады. Бұл Сыр өңірінің болашақтағы экономикалық әлеуеті зор екенінің айғағы болып табылады.

Ж.ӘЛМАХАН.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Арал ауданы.

Уақытты уысында ұстап тұра алмайсың, сынап-тай сырғыған қалпын бір сәт тоқтатқан жоқ. Кеше ғана секілді көрінген оқиғалар санамаласаң, бірнеше жылдың болмысына айналады. Арамыздан кеткен абыз-арыстар қаншама, енді еске алып, елге сіңірген еңбегін жаңғырту перзенттік парызымыз, тіріге тән міндеттің ең қомақтысы, сауабы мол екен. Бүгін сол парыздың бір парасына кірістік.

Иә, әркімге өз әкесі өзіне асқар тау ғой, әлбетте. Ол ұрпағы үшін қайталанбас тұлға, табанды тірек ұғымын ұқтырады. Тіпті, терминологиялық сөздікте ұшырасатын патриархат сөзі грек тілінен аударғанда отбасыдағы ең үлкен билік ер адамға тиесілі деп түсіндіреді. Бұл әкенің отбасындағы орны, ролі болса,



ел мен жұрттың, өзі туып-өскен атамекеннің алдындағы жауапкершілігі мен парызын терең түсінісе, сезіне білген азаматтың абыройы қашанда асқақ тұратыны тағы бір озық қыры. Көңілде көрікті ой көп қой, жақсы сөзден сыбаға, жарқын істен мұра, халықтық қағидадан үлгі алсақ, қазақтың қайраткер ұлы Камал Бердәулетов туралы толғағанда сөз басындағы саликалы ойлардың әрбірі оның болмысында бар қасиет екенін ескеріп тұрмын. Және ол жайлы терең тоғаныстар, орамды ойлар тарқатуға тура келеді. Өмірден өткеніне 5 жыл болыпты, ұмытылмас жылдар, өпшес есімдер уақыт қалтарысында қалмау керек, мені тарихтың кешегі беттерін ақтаруға жетелеген осы ойлар еді.

Камал аға сабырдың адамы болатын. Қай істі де сабырға салып, ақылмен арашалап, парасатпен парықтатып. Ол болаттай берік болатын, қорғасымдай еріп, сынаптай сырғи салатын әлдекімнің әрекетінен жат тұғын. Жаратылысының бар озығы осында деп ойлаймын. Екінші қыры, жауапкершілік дегеннің жүгі көтере алатын кісіге артылады. Оған жүктелген жұмыс бітпей, не аяқсыз қалғаны жоқ. Ал, үшінші үлгісі – қанағатшыл, дүние құмаған, барды қанағат тұтқан, бір тоға табиғат иесі. Ендеше, адами қалыбынан аумаған ағаның жарқын бейнесінен естелік айтып, ойды ойға жалғасақ дұрыс деймін.

Мәрттік пен дарқандықтың, кенпеліліктің сыңға түсетін тұстары кездесіп тұрады. Ондай сәттер Камал көкеміздің басынан өткен қанша оқиға да бар. Осы орайда оның сүт кенжесі, бүгінде Алматыда тұратын Гүлсім Қамалқызының әңгімесін тыңдап көрейік.

– Әкеміз киындықты көп көрді, оған ештеңе де оңайлықпен келмеді. Небәрі 12 жасында әкеден жетім қалып, «халық жауының баласы» атанып, басқа түскен нәубетті көтере білді, анасының, іні-қарындасының қамқоры болды, ерте ержетті... Біреуден кем, біреуден ілгері жүріп ес білді, етек жиды... Тырымысып, тырбынан жүріп еңбекке ерте араласты. Қосмомол қатарына ер-терек өтемің деп, жасын 2 жасқа үлкейтіп жаздырып, он сегізге толған азамат ретінде Ұлы Отан соғысына аттанды. Сөйтіп 16 жастағы балаң жігіт қызу майдан ортасына түсіп, Ржев, Великие Луки, Смоленскіңі жаудан азат ету шайқастарына қатысты. Ескері басшылар қолынан бірнеше жауынгерлік медаль алды. Майданда үш рет ауыр жараланды.

Соғыстан аман-есен оралған әкеміз ауыл шаруашылығы өндірісіне белсене араласты, жауапты уәкескерлерде қызмет етті. Іскерлігімен көзге түсіп, Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясы басшылығына тағайындалады. Одан кейін Жалағаш, Қармақшы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қармақшы өндірістік басқармасы бастағының орынбасары қызметтерін атқарады.

Коммунист К.Бердәулетов 1963 жылы КПСС Орталық Комитеті мен КССР Министрлер Советінің «Шөл және шөлейт аймақтарды игеру және қой шаруашылығын өркендету туралы» қаулысына сәйкес Жалағаш ауданында қой өсіретін «Аққыр» кеңшарының қазығын қағып, 1973 жылға дейін сонда директор болды. Қызылқұмның қиясында өзі тұңғыш қазығын қакқан, «Аққыр» қой совхозы бой көтеріп, сәнді елді мекенге айналды.

«Көмекеңнің қажыр-қайраты, іскерлік қабілеті, жоғары талап-талғамы, ұйымдастырушылық таланты – Қызылқұмның ортасынан өріп тепкен «Аққыр» совхозын өз қолымен құрып, ауыр бейнетін бастан өткізіп, он жыл абыроймен басшылық жасаған тұста жырқырап көзге көрінді. Совхоз алғашқы он жыл көлемінде таза пайдамен шығып, бірнеше рет республикалық жарыстың жүлдегері болды, мемлекеттік Ту табысталды. К.Бердәулетовтің сайын даладан берекелі ауыл тұрғызыған ерен еңбегі халықтың аузында әлі күнге аңыз болып айтылып жүр»,– деп еске алады қадірменді ағамыз Қаһарман Табынбаев.

Социалистік Еңбек Ері, ауыл шаруашылығы

саласының ардагері Ұзақ Еспанов ол кісі дүние салған кездегі өзінің азалы сөзінде былай деп еді: «...Шөл далада қиян шеттен шаруашылық құрып, елдің басын құрау айтуға ғана оңай. Болмаса Қызылқұмда Көмекең жұмысты нолден бастады ғой. Шаруашылықтан кейінгі оның қызметі халықтың көз алдында. Қайран Көмекең, қайда барса да пендешілікке бой алдырмады, асып-таспады, дүние құмады, қарапайым саликалы, сырбаз қалпында қалды».

Ақын Темірше Сарыбаев кезінде «Жас алаш» газетінде мынандай пікір білдіріпті: «Сыр бойында құм ішінен, сексеуіл арасында совхоз салған Камал Бердәулетов деген азамат болды. Оның совхозы шөлдегі оазис іспеттес еді. Міне, соларды «халық адамы» деу қисынға келеді. Шынын айту керек, қазір мұндай адамдар аз, некен-саяқ. Сондықтан кез келген адамға «халық адамысыз» деп көкірлеу қажет емес. Халық кімнің кім екенін біледі». Міне, осының бәрі әкеме берілген баға емес пе?



Осы тұста ауылдас ағамыз, Халықаралық «Қазақстан Заман» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлы өз шығармасында: «Қазақ ауылының үйлері әдетте тарайды шашылып жатады. Біз келгенде Аққырда салынған үйлер аз болатын. Бар болғаны екі көшенің сілемі. Көше-көшеде құрылыс қызу жүріп жатты. Мен ол кезде 5-сыныпта оқимын. Аққыр ауылының салыну жобасы өзге шашыраңқы ауылдарға ұқсамайтын. Көшелері атқан оқтай тұзу. Екі жағына арықтар қазылып, шыбықтар егілген. Ауылдың сыртына да жан-жағы қоршалып мәуелі бақ егіле бастапты. Оған бас бағбан етіп бізбен бірге көшіп келген Пірмахан деген ағамыз тағайындалыпты. Ауылдың сырты түгелімен қоршалып тасталған. Кірер қақпа біреу-ақ. Оның езі шлапбау арқылы қатал тәртіппен көліктер кіргізіледі. Қысқасы, ауылға машина түгілі тышқан да кіре алмайды. Мұның бәрі көше-көшеде егілген шыбықтарға малды тигізбеу. Гараж ауыл сыртына салынған. Жазда ел майлыөзектің жағалауына киіз үй тігіп, жайлауға шығып кететін»...

Әрине, мұның бәрін ұйымдастырып басшылық жасаған совхоздың №1 директоры Камал Бердәулетов ағамыз. Камал ағаның осындай іскерлігін, қатаң тәртібін бала да болсақ біліп өстік, үлгі алдық. Ол кісінің игі істері ауыл-ауылға аңыз болып таралды. Кендікке үйренген қазекен мұндай тәртіпке көніңкеремей неше түрлі бұлтқақа салатын. Бірақ негізінен Көмекеңнің темірлей тәртібіне түсіністікпен қарады. Бәлкім, Камал ағаның қатал тәртібі болмаса, Аққырдай әсем ауыл дүниеге келмесе пе еді? Иә, ауылға сіңірген ұшан теңіз еңбегін Көмекеңнің елі өте жоғары бағалайды. Іскер, жанашыл, парасатты, ең бастысы, тәртіптің адамы. Ол кісі ХХІ ғасырдың ауылын салды. Аққырды аз жылдардың ішінде облыстағы ең көрікті, ең жетістігі мол берекелі ауылға айналдырды. Әрине, оның командасы да мықты һәм іскер болатын. Өттен, осы әдемілікті, осы жетістікті кейінгі басшылар әрі қарай жалғастыра алмады. Қазір ауылға тағы да Камал аға сияқты қатал да іскер басшы аударып қажет!»

...Иә, топырағында әкеміңн табанының іздері сайрап жатқан «Аққыр» совхозының құрылғанына 50 жылдан асып барады. Қай заманда да, қай бір ортада да халқының қадірмендері болған. Олар тар соқпакта адаспай, халықтың арасында болып, ыстық-суығын бірге көріп, күн демей, түн демей, елінің қамын ойлаған. Осындай тұлғаларымыздың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа паш ету – әрқайсымыздың борышымыз. Аққырдың әрбір үйінің тасын қалап, шегесін қакқан Камал Бердәулетовтың баласы болу – бізге асқан жауапкершілікті жүктейді», – дейді.

Батырдың да, басшының да бірінші жанашыры – оның жары. Қоғам үшін жаралған жанның отбасына қайырылатын жөні жоқ. Оған зейін қойған зайыбы бар. Осы арада Нағима апаның пікірін тыңдасақ.

– Ол көптің адамы болды. Жеке мүлде дегенге жаны қас еді. Бәлкім, сонан кейін шығар, ауыл көркейіп, аудан, облыс, тіптен республикаға танылғанша қаншама ұйқысыз түндерді басынан өткізді. Небәрі қырық жасында ел тағдырын мойнына алған азаматқа соншама ауыр жүк артылғанын жете түсініп, адал ақылын қосқан азаматтарға ол барынша риза көңілін үнемі білдіріп отыратын. Күн-түн қатып, 40-50 градус аязда үстіне тұлып, аяғына уйық етік киіп, қой отарла-рын аралап, әрбір шопанның тыныс-тіршілігін көзімен көріп, қолдан келер қамқорлығын амаған азаматым абыройсыз болмады. Бұл еңбек адамының ерлігі, ел деген ердің еңбегі емес пе?

Ол зейіпкерлікке шыққанын кейін де қатардан қалмады. Облыстық ардагерлер Кеңесіне 12 жыл қатарынан басшылық етті. «Жоғалмайды адамның сараңдығы, мәрттігі, кімнің қалай болғанын танытады қарттығы»,– деп Қадыр Мырза Олі айтқандай, осы тұста ол жастарға саликалы сөз айтатын. Тәуелсіздігіміздің мән-мағынасын ұлықтап, Елбасының сасатын елге на-

сихаттайтын қадірлі ақсақал болып еді. Елбасының Сыр еліне сапары кездерінде келелі мәселелерді көтеріп, көшелі сөз сөйлейтін, бата беретін абыз қарты болды. Қара қылды қақ жаратын әділдігін, шыншылдығын бүкіл ел біліп, сол үшін де қадірлейтін, – деді ол.

Қоғам қайраткері Ыдырыс Қалиевтың өз қолымен жазып берген бір үзік сырынан үзінді келтірсек. «Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған Мәскеуде өтетін үлкен жиынға облыс атнан мен баратын болдым. Тіптен ойымда жоқ. Сұрастырып көрсем, Камекен облыс басшысымен, республика ардагерлерінің төрағасы Сағдиевпен келісіп, мені ұсыныпты. Былай қарағанда, Мәскеуге баратын адам Көмекеңнің нақ өзі еді, «мен барайын» деп бір ауыз айтпаған ғой, сонда. Ұлы Отан соғысының ардагері, оның үстіне облыстағы ардагерлердің басшысы да өзі. Олай етпеді. Бұл оған Алланың берген қасиеті. Еш уақытта қызғанбай, іштарлық жасамай, өзіне тиістіні де жолдасымен бөлісетіндігі. Қандай ерлік, парасаттылық, кендік. Мен

соны көрдім», – деп жазды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, облыстық ардагерлер кеңесінің басшысы Сейілбек Шаухаманов «Ар мен намыстан жаралған» атты мақаласында: «Көмекең зейнетке шыққасын он екі жыл қатарынан облыстық ардагерлер Кеңесін басқарды. Өңір орталығы Қызылордада аймақтың барлық зиялысы – бұрынғы облыс, қала, аудан, сала басшылары, облыстың бар қаймағы, ығай мен сығайлары тұрады емес пе? Жасыратын несі бар, алғашында олар Көмекеңді қомсыңған сынай танытты. Көп ұзамай Көмекең өзінің білімін, білігімен және табанды, тұрақты, принципті, салауатты, салиқалы, салмақты, анау-мынау нөктаға сия бермейтін мінезімен, біртұтас, бүтін болмысымен бәрін де ықтырды, бәрін де мойындады. Бүкіл облыстың Көмекесі болды. Бәрі де Көмекеңді тыңдайтын, сыйлайтын, құрметтейтін, ақылдасатын, есептесетін, ескеретін болды», – деп тоқталды.

Бала кезінен білсем деген талабы ұшқыр, ізденісі үлкен ағамыз анасы Олиманың аузынан қисса-дастан тыңдап, адамгершілік қасиеттің салмағын, ақ пен қараның арасын, елдің берекесі мен бірлігін біліп өсті. Ал, әкесінің ағартушы, журналист жолы да қаннан келген қасиеті еді. Бәлкім, «Аға көрген оқ жоңар» деген ғой, қолынан қаламын тастамай, өнеге мен тағылым нәріп ұрпаққа мұра еткен «Аққыр ақиқаты», «Бұқарбай батыр», «Атажұрт», «Ұрпағима ұлағат» секілді кітаптарды аманаттап кетті. Осы орайда құдасы Әндіріс аға былай толғады: «...Ол Сыр бойының тарихынан, ертеде өткен аты шыққан адамдардың өмірінен хабары мол кісі еді. Өткен діни кісілердің, батырлардың, шешен-шайырлардың, жыраулардың айтқандарын қызықты, тартымды әңгіме етіп, жыралар жатқа айтып отыратынына таң қалатын едік». Жалпы, қаламгер ретінде Камал Бердәулетовтың облыстық, республикалық басшыларда көптеген тарихи-танымдық мақалалары жарияланды. Ол Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болды.

Кезінде жазушы, ақын Қомшабай Сүйеніш «Атажұрт» кітабы жөнінде былайша жылы лебізін білдірген еді: «Сан алуан тақырыпты егжей-тегжейлі тәптіштеп, тәсірсізп дегендей, қауызы мен дәнін айырып, масақ қалдырмай қамтитын мұндай кітапты өз басым көптен бері оқыған жоқпын. Жұрттың қойны-қонышына тығып, іздеп жүріп оқытын сүйікті кітабына айналарына бек сенемін. Кемел жасқа келген Көмекеңнің көкірегін жарып шыққан кемел кітабына ақ жол тілейміз», – деп жазыпты.

Түрі сұсты көрінгенімен, тілегі адал, жүзі салқын сезілгенмен, жаны жомарт, жүрегі жұмсақ еді, бұны оның әрбір ісінен, көзқарасынан байқайтынбыз. Бекзат қалпымен өтті өмірден.

Жас та болса оның қадір-қасиетін құлағына сіңіріп өскен аққырлық жас ақын Қуат Ахетов Көмекеңнің қазасындағы жүрекжарды өлеңінде:

...Алла басқа салғанда сынақ жүшті, Ажал да салады екен, бұран тісті. Сырдағы топыраққа тамыр жайған, Нән бәйтерек қапыда құлап түсті, – деп суреттеді.

Иә, өмір болған соң ұрпақ сабақтастығы, өмір жалғасып жатыр. Адам ұрпағымен мың жасайды. Бүгінде Көмекеңмен 6 бала, 9 немере, 14 шөбере тарап, қарашанырақтың құты қайтқан жоқ. Бұл да болса әкеден алған тәрбиенің тәлімі, тектіліктің танымы.

К.Бердәулетовтің ел алдындағы еңбегі елеусіз емес, кенектік дәуір «Еңбек Қызыл Ту», тәуелсіз Қазақстан «Құрмет» орденімен марапаттады. Мұнан бөлек, көптеген медаль кеудесіне тағылды. Ал, 2008 жылы «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атығына ие болды. Міне, еңбек өлшемі осылай дәріптейді.

Жан-жағына жемісін жайған, білгі, өрісі бар азаматты бітіререкке тейейміз. Сол бәйтеректі айтқанда Камал көкем көз алдыма келеді. Тау алыстаған сайын асқақтай беретін еді, сағыныштын сарқыты ма, оның орны ойсырай бастады. Тәйірі, жақсы адамның қашанда жүзі нұрлы, ісі нәрлі ғой, тағызма лайық тұлғаға айналған ағаның артындағы ізі уақытпен бірге айышқтала береді, ол мәңгіге өшпек емес.

Қаныбек ӘБДУОВ.

МАЙДАНГЕР ЕСІМІ КӨШЕГЕ БЕРІЛДІ

Арал қаласында көп уақыттан бері атауы өзгертілмей келе жатқан Красноармейская көшесі ендігі жерде соғыс және еңбек ардагері Жанғазы Жанаевтың есімімен аталады.



Есімі ұлықталып отырған Ұлы Отан соғысының ардагері Ж. Жанаев 1920 жылы Арал ауданының Көктем елді мекенінде дүниеге келген. Ол 1938 жылы Аралдағы ФЭУ-ға оқуға түсіп, оны 1941 бітіріп шығады. 1941-1945 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысып, Сталинградтан Берлинге дейін барады. Екінші гвардиялық зениттік артиллериялық дивизиясы құрамында соғысқа қатысқан гвардия сержанты Жанаев майдандағы жанқиярлық ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» және басқа да оншақты медальдармен марапатталған.

Елге келгеннен кейін 1945 жылдан бастап 1981 жылдың тамыз айына дейін, яғни өмірінің соңына дейін Арал кеме жөндеу зауытында электрік болып жұмыс істейді. Бір жерде табан аулармай 36 жыл жұмыс атқарған майдангер бірінші болып Арал қаласын электр жарығымен қамтамасыз етуге үлесін қосқан жан. 1981 жылы 61 жасында дүниеден озған кешегі соғыс жауынгері жұбайы Өтеқызы Алтынмен 36 жыл отасып, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген үлгілі ата-ана бола білді. Балаларының бәрі жоғары білімді, қазіргі таңда еліміздің түрлі салаларында қызмет атқарып жүр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, ардагердің ұл-қыздарынан 15 немере, 28 шөбере өрбіді.

Ж.Жанаев атындағы көшенің ашылу салтанатында Арал ауданы әкімінің орынбасары Жұмағұл Әлішова, Арал қаласының әкімі Бауыржан Махатов қатысып, сөз сөйледі. Ардагермен қызметтес болған Хайрулла Абылаев естеліктер айтып, Алтын әжейдің інісі Бекжан Махамбетұлы арнау өлеңін оқыды. Мұнан кейін ескерткіш такта ашылып, соңынан ас берілді.

Б.ТУРЛЫҒҰЛОВ.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ – КЕЛЕШЕКТІҢ ТҮТҚАСЫ

«Бәсекелестік» деген сөздің мағынасы кең. Өмір сүруде бәсекелестік өте қажет. Өмірде бәсекелестік болмаса, ұлт болып қалыптасу мүмкін емес. Адамзаттың өркендеуі үшін де ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасында бәсекелестік болуы керек. Ал Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асырудың тиімді жолдары Елбасының «Бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында» айқындалған.

Бәсекелестік – адам баласының ең түпкі мақсаты мен міндетінің орындалуының қозғаушы күші. Адамзатқа дүниені және өзін жан-жақты тану үшін де бәсеке керек. Жалпы бәсекелестік ортақ сипат – әріптестерінен қорғану, үзегігілес жүру және басып озу. «Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа техно-логияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз. Ел ертеңі – білімді

және еңбеккор жастардың қолында.

Ал бәсекеге қабілетті болу үшін әрбір оқушыда өз-өзіне сенімділік, баланың денінің саулығы, әлеуметтік жағдайының қалыпты болуы, ерінбей еңбектене ізденуі, өзіндік жеке пікірі болуы, бірнеше тілді қатар меңгеруге ұмтылуы, әрбір оқыған тақырыбының ғылыми негізін зерттеп отыру, ақпараттың технологи-ялармен қарулану, кітапханамен тығыз бай-ланыс орнату және оқыған дүниелерін қоғам өмірімен байланыстырып отыруы шарт.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, ХХІ ғасыр билексе сенетін заман емес білімге сенетін заман. Сол үшін бүгінгі жастар білім мен ғылым жолына түссе, оның шынына жетесе, еліміздің келешегі бүгіннен нұрлы, болашағы кемел болады деп ойлаймын.

С.БЕКЖАНОВА,

№4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты 10 сынын кураторы.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздың лаулаған жалыны – әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың қайнар көзі. Ол – сезім мен нұр шашар сөзге, Көпешек үшін тырмысып, жан ая-май күрескен, өз бойындағы пенделігін жоя білген жан. Тіршіліктің шырақтың еңбес ошағы. Ұстаз – өзінің бар күнін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне сарп етуге бел буған періште. Ұстаздардың әсерлі үнемі, асықпай мәнөлер сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімінің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, реңжітпей, қателігін сездіре білу бұл нағыз шеберлік емес пе! Бала бойы ала-ауанды кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатынбай қабылдайтын, шөкіртің жа-нына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Әрбір оқушының өз жүрегіне жақын сүйікті ұстазы бо-лады. Ұстаз былайша айтқанда, мектептегі екінші анамыз. Осы ұстаздар жайында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа адамды жанашыл мұғалім тара тәрбиелейді» дегендей, сондай ұстаздардың бәрі, менің білім алып жатқан алтын үк мектебімдегі жанашыл, тарих піонінің мұғалімі, менің сүйікті ұстазым, әрі сынып жетекшім – Меруерт Шерімбетова Сарбайқызы. Ұстазым өз мамандығын сүйеді, сабаққа жан-жақты дайындықпен келіп, оқыту шеберлігімен, қарпайымдылығымен, шығармашылығымен, адамгершілігімен бізді баурап алды. Оқушыны сабаққа қызықтыру мақсатында сыннанан тыс іс-шараларды да жиі өткізеді. Сынып жетекшім бізге білім беруге, ой-пікірімізді тыңнақтауға бар күшін жұмсап атсалысады. Білгенін үйретеді. Оқушының жаманын жасырып, жақсылығын асырады.

Кейбіреулеріне ұстаз анасындай болып кетеді. Ал, ана деген әрбір адам баласына қымбат жан. Ұстаға ордайым жылы жүзбен мейірандылық танытып, сыйлап, құрметтеу – біздің парызымыз. Ұстаға қандай құрмет көрсетсе де аз емес. Сондықтан да ұстаз деген ұлы есімді мәңгілік қастерлеп өтемін.

Ақбаян МАХСТАХАН, №52 Б.Аралбаев атындағы орта мектептің 9-сынын оқушысы. Жанқоран ауданы, Сүттіқұдық ауылы.

“БАРСАКЕЛМЕС” ТАБИҒАТЫ – ЖАСТАРДЫ ТАМСАНДЫРДЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының» ұйымдастыруымен «Парктр шеруі – 2017» акциясы өтті. Шараға кітапхана қызметкерлері, белсенді жастар, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері қатысты. Онда табиғатты аялауға шақыратын сабақ өткізіліп, дәрістер оқылды.

– «Парктр шеруі» акциясы облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануар-лар дүниесі бойынша инспекциясы мекемесімен бірлеп өткізілуде. Бұл шара жастарды отанысүйгіштік пен табиғатты аялауға, туған өлкеге жанашырлықпен қарауға, Туған жердің табиғатына сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасауға, ерекше қорғалатын аумақтарды ұлттық құндылық ретінде тануға шақырады», – деді «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-ның ғылым, ақпарат, мониторинг, экологиялық ағарту және экотуризм бөлімінің бас-шысы Хамит Қаніев.

Қорықтың географиялық орналасу жері мен ондағы жан-жануарлар дүниесі кімді болса да қызықтыраы анық. Онда 27 сүтқоректі аңдар мен жануарлар, 12 бауырмынан жорғалаушы, 2 көсемкөңді және екі мыннан астам жәндіктер мекендейді. Сонымен қатар, жылдың өртүрлі мезгілінде 178 түр құстар, оның ішінде қызыл кітапқа енгізілген 27 түр: бұйра бірқазан, кіші аққутан, сары құтан, сұр тырна, бидайық, қарабас өгіз шағала, сұңқылдақ аққу, жыланшы бүркіт, дала қыраны, қаракүс, джек-дуалақ, жүй дуалақ, тарғақ ақбауыр және қарабауыр бұлдырқырт, үкі, кокизак, қарабай, мәр-мәр шүргесі, аккөз сүңгуір, жалбайғай безгездек, итегіл, қылқұйрық бұлдырқық кездеседі. Осы тақырыптарды кенінен тартақан «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» өкілдері оқушыларды қызықтырған сауалдарға жауап берді.

Мұнан соң, шараға қатысушылар кітапхана ауласына ағаш көшеттерін отырғызып, қоғалдандыру жұмыстарына атсалысты.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.

МЕМЛЕКЕТ – ШЕКАРА ШЕБІНЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекеттік шекараны қорғау шекаралық кеңіс-тікте Қазақстан Республикасының ұлттық қауіп-сіздігін қамтамасыз етуден тұрады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті орган-дар өз құзыреті шегінде саяси, құқықтық, ұйымдас-тырушылық, экономикалық, шекаралық, әскери және өзге де шараларды қолдану жолымен жүзеге асырады.

Қазақхалқыныңөнеріақындаәңгімеболғанда жұртты ән мен өлең-жырдан оқшаулау мүмкін емес. Оған сан ғасырдан бері ұрпақтар жадына көшіп, ауыздан түспей келе жатқан аталған өнер жұханалары куә. Бұл орайда Э.Диваев, В.Радлов сияқты өзге ел ғұламаларының берген бағасына жүгініп, мақтауымызға да, мақтануымызға да әбден болады. Ал, дала академігі М.Копеевтің ғылыми талдамалары мен берген бағасын әркез бойтұмардай қастерлеп, алға ұстауымызға негіз бар.

Жасыратыны жоқ, ақындық-жыраулық өнер туралы сөз болғанда сан ғасырдан бері бұл өнер көбіне тек ер кісілерге тән деп, соларға теліп келдік. Нәтижесінде әйелден шыққан таланттар тасада қалып келді. Оларға салғырт қарадық. Бұл баяғы әйелдерді кемсітіп, төменетектілер деп келген қитар көзқарастың салдары еді. Бұл пікірімізге айтыскер әйел ақындардың өнеріне салынған тұсауды мысалға алуға әбден болады. Кезінде әйелден шыққан айтыскер ақындар өнерін жасырып, бүркеп көрсетіп, дін шырмауына маталанған көрсөкірлардан сазайын тартып отырды.

Айтыс – ақын, жыраулардың шыбын қоздырып, талант көзін ашатын бірден-бір өнер қайрағы. Сондықтан да ол сан ғасырдан бері ұмытылмай, рухани қазынаның сүбелі қайнары болып келеді. Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиенбет жыраудың кезінде қыз-келиндермен айтыспауы, жарыс сахнасына шығып «жын» шақырмауы мүмкін емес. Тіпті, ақындар шабыты келіп «жын» қысқанда өз әйелімен, атымен, тазы-сымен, ұшқан құспен және т.б. айтысып, көбіне екі жақтың да ролінде өзі ойнап, өзі шығарып, көңілін дәмдеп отырған. Оған Кете Жүсіптің өз әйелі Күзенмен, Мәнсұр ақынның бесіктегі қарақалпақ қызы Дәмемен айтысын мысалға келтірсек, үзәміз дәлелдене түседі.

Ақындар айтысы туралы әңгіме қозғалғанда бұл өнердің ту ұстаушыларды ретінде Қүйкентай, Шөріпқамал, Дәме, Ұлбике, Тыныштық, Шәкей, Қарлығаш, Ақсұлу, Ақбада, Рысқан, Сара, Бөлік және Шөбия сияқты («Айтыс» кітабы, 2-том) айтыскер әйелдердің есімін айтпай кетуге болмайды. Бұл тұста Сара Тастанбекқызының есімі алдымен ауызға оралады. Рас, оның жарты өмірі қапаста, қайғы-қасірет қаматында өткен. Дегенмен, оның айтысы көп таралған, өмірі аңызға айналған, ер кезеңде өз бағасын алған да.

Қазақтар Сараммен тағдырлас, талантты дей-гейлес, бірақ зертелуі, насихаты әлі кемшін түсіп жатқан бір айтыскер ақын бар. Ол – Сырдан шыққан Ұлбике Жанкелдіқызы. Ұлбике Сарадан жарты ғасырдай бұрын Қызылорда облысы, Қараөзек бойында 1825 жылы дүниеге келген. Әкесі Жанкелді мен анасы Жаныл да өнерпаз, «бірақарғы» бар жандар болған. Әсіресе, анасы еңгілігімен төңірекке мәшһүр екен. Демек, Ұлбике бойындағы таланттың өте ерте оянуына ата-анасының ықпалы болып, олар перзент жүрегіндегі жалынды өшірмей, үнемі үрлеп отырған. Оны енді Ұлбикенің өз аузынан естілсе:

Бешіағамының әр тасы – бір өлеңді,
Момыңдай үйренген мен өлеңді.
Балапандай кезімде қайран шешем,
Тал бойыма дарытқан күллі өлеңді.
Жа, осы сөт сөз шегініс жасайды. Ұлттық дәстүрмен Ұлбике шыққан шежіре-текке үнілсек – ол Ұлы жүз Үйсін әулетінің Ошақты аталығының қызы. Сыр бойында туыпғанмен топырақ Жамбыл абысындылағ Талас өзені бойынан бұйырды. Себебі академик М.Жолдасбековтың айтуы бойынша, Ұлбикенің бойжетіп, сылана бастаған шағында Ошақтының Есмырға деген беледі бұл әулетін бастап Әулиеата маңына қоныс аударады. Олардың ортасында Ұлбикенің әкесі Жанкелді де отбасымен болған. Ел ішінде «Ұлбикені топырақ тартты» деген аңыз әңгіменің шығуы да міне, осында.

Ұлбике Жанкелдіқызын ән-жыр өлкесіне жастай жетелеген «Сыр елі – жыр елі» атанған аймақтың шабыт қоздыра қисел қасиеті еді. Өйткені, ол есейіп, етек жаба бастаған шақта Сыр бойында жаршылық өнер, ақындар сайысы дүрділеп тұрған болатын. Ұлы дарияның бойын ең жайлап отырған халықтың әр күні ән-жырсыз, ақындар айтысынсыз өтпейтін. Сондай-ақ, думанды топқа әке-шешесі Ұлбикені қалдырмай апарып жүреді. Сөйтіп, олар ақыры қызын шабыт қысқан топтан арашалап ала алмай қалды. Қайран, ата-ана алпағшында қыз өнерін мақтан тұтқанымен перзентінің тәтті тілі оның түбіне жететінін қайдан білесің?!

Ұлбикенің порін ашып, талант отынын тұтануына Сыр бойындағы жаршылық өнер себепші болады. Өлгіңде айтқанымыздай, ауыл ішінде жауау ақын жігіттермен сөз қағысып, ән салып, қара үзіп, жүрген ақын қыздың дабысы елдегі сүбелі сүйелерді де елен еткізіп, олар да оза шауып жүрген Ошақтының қызын сынамақ ниеттері болады. Сөйтіп жүргенде Ұлбикемен жыр жарыстың пердесін Қаракалпақ елінен келген Жанкел (Жанкелді емес) деген кедей жігіт ашлады. Қараөзек өзенінің сол жағында Ұлбикемен қағысу-дың сәтін аңдып жүрген Жанкел өзенінің оң жақ жағасында сиыр сауып отырған Ұлбикеге былай деп өлең айталы:

– Топ қамыс, топ-топ қамыс сайда болар,
Көп жылқы, қоралы қой бойда болар.
Аржақта сиыр сауған Ұлбикежан,
Өтпей Қараөзектің қайда балар?
Жігіт дауысын естисімен Ұлбике сиырдың бауынан басын көтеріп, былай деп жауап береді:
– Аржақта Жанкел отыр қардай борап,
Нағыл жүр, екен байғұз алдыңды орап?
Бара ма малың өтпей соңы келдей,
Өтпейін Қараөзектің менен сұрап?
Жанкел:
Әңгіме табылады құрағанға,
Әңідейді жасылармен уаңағанда
Байталдай шапқа түрткен шамдандың ғой,
Өтпейін Қараөзектің сұрағанға.

Ұлбике:
Жігітім, біздің байтал тарпаң еді,
Тарпаңнан кедей қорқақ жалтан еді.
Жүрмесін тепкі тіпті маңдайыңа,
Жанкел-ау, жүресің ғой байқап енді.

Бұл айтыс та екеуара сөзжарысқа, жоғарыдағы үзіндіде келтірілгендей бір-бірінің мінін бетіне басып, ең қызықтысы ойнақы юморға құрылған. Қайымдасу үстінде өз сөзінен ұста-лып, Ұлбике жеңіледі. Бірақ бұрынғы ауыл арасындағы қалабай қалжыңнан гөрі ұстамды,

күрделірек болғандықтан Ұлбикені ширатып, тұсауын кескен нағыз сөз айтысы осы болған еді. Ұлбикенің ақындық жолындағы тұсауын кескен, ұстараның жүзін жаңыған қайрақтың ролін атқарған, талантты шып танып, батасын берген қожа руынан шыққан, Сыр бойына танымал ақын Ерқошқұлы Күдері еді. Ұлбикемен алғаш сөз жарысына шыға бастағанда ол қырықты алқымдап қалған егде жігіт ағасы екен. Ұлбикемен сөз жарастыра бастағанын естіген әкесі Күдеріге: «Балам, Ұлбикемен айтысу үшін Бұхараға барып үш жыл оқып кел, әйтпесе онымен айтысуға жарамайсың» депті, деген аңыз бар. Мұның өзі Ұлбикенің тапқырлығын, шешендігін, ой-өрісінің кеңдігін, ақындық алымдылығының дәлелі. Бұл айтқанымызды шегелей түсетін айғақтар, Ұлбикенің бағасын үстемелей түсетін бұрын-соңды өткен сөз зергерлері айтқан әлденеше тұшымды мысалдарды алға ұстауға болады. Мысалы, халық ақыны Қуаныш Баймағанбетұлы:

Күлдіреп Күдері өтті Таспаменен,
Айтқан талай жүйрік қасқаменен.
Айтысып Ұлбикемен бәсі түскен,
Тең таппай теңесуге басқаменен, – деп

Ұлбикенің ақын-дығын айыптайтұй түседі. Бүгін онтүстік өлкесіне ақындығымен, оған қоса жаршылық, өңшілік өнерімен жете таныс Мәделіқожа да Ұлбикенің ақындығы мен көркіне қайран қалып жырға қосады.

Сұлу қызға тұс-тұстан көз түседі,
Қысылса да аузына сөз түседі.
Өлең айтып отырған Ұлбикенің,
Кеудесінде бұбұлұ құс тілдеседі.
Қысқасы, Ұлбике айтыс ауылына аз уақыт ат шаалдырғанда өзінің ерекше көркімен де, шешендік шеберлігімен де тәмам жұртты тамсандырған. Оған сол тұстағы сөз қуған сүйелердің көпшілігі өлең арнап, ақындығы мен ақылдылығын паш еткен. Жа, ақын қыздың таланттына табынушылардан ол туралы жүрек-жарды лебіздерін Нартай ақынның сөзімен түйіндейік:

Сұлудың құралайдай сәні қалды,
Шырындай өнерінің мәні барды.
Содырдың сойылынан мерт болса да
Ұлбикенің өлмейтін әні қалды!
Ұлбикенің айтыстағы талантын ұштап, тұсауын кескен Күдері Қожа Ерқошқұлы деген болмақ бар. Жаны бар сөз. Өйткені, бұлардың ауылы қоныслас болған. Ұлбикенің әкесі мен шешесі қызын сол кезде ақындық данқы дүрділеп тұрған Күдерінің алдына апарып батасын алады. Қыз өсе келе ұстаымен де бірнеше рет сөз қағысады. Қазіргі дерек бойынша екеуі екі рет айтысыпты. Шәкіртін сынау үшін әуелі «бәлені» Күдеріқожа бастаған. Сөйтіп, қыз өнеріне риза болған Күдері кездесе қалса, оны сөзбен қағытып, сынап жүреді екен. Келе-келе қайысыз бұрын көрсе, сол өлеңді қоя беретін болған. Аяғы үлкен айтысқа ұласқан. Бірақ ол кезде Ұлбике тым жас болған сон Күдеріқожаының өз әдеп сақтап, ол қағысулардың тарауына қарсы болған.

Қош, енді құр баяндау тізгінін тартып, ақын-дар айтысын тыңдайық. Белгілі ғалым М.Жолдасбековтың айтуынша, Ұлбике Күдеріден басқа Майлықожа, Мәделі, Таспақожамен, Сералықожамен, Жанкелмен және т.б. жігіттермен де қайымдасқан. Осы жерде Мәшһүр Жүсіптің тоқтамаына жүгініп барып сөз жалғайық: «Қайым» деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. «Қайым» өлеңінің басында Күдеріқожа мен Ұлбике айтысқан. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғыларды мақал, тапқақ...». Ендеше қайымға кезек берейік:

Күдеріқожа:
Ата-бабам шыңжыры қойылған қол,
Қожа келіп тұрады оң менен сол,
Өшейін-ақ бір айтқан соңын шығар
Ақылы бар баланың айысы мол,
Ата-бабаң пір тұтып қожа қылған,
Не себепті қожаға тимейді жол?
Ұлбике:
Аулақ тарт қожа болсаң, кеселіңді,
Осы жол қайтарамын меселіңді.
Ат мініп, біздің елден топ киген соң,
Сатқансың Қашқарлыққа есегіңді.
Жеп едің ел қылырып сынық малта,
Айтамын әлі талай осегіңді.
Қожеке, пайғамбардың атын сатып,
Алмай ма құдай сенін есебінді?
Енді Қаракалпақ жігіті Жанкелмен сөз қағы-сынан үзінді келтірейік:

Ұлбике:
Жанкел-ау, біздің байтал тарпаң еді,
Тарпаңнан кедей қорқақ жалтан еді.
Жүрмесін тепкі тіпті маңдайыңа,
Жанкел-ау, жүресің ғой байқап енді.
Жанкел:
Өрине, Сіздің байтал тарпаң еді,
Көңілім байтал міңгесен тарқап еді.
Асаудың шоқтығынан бір ұтаса,
Кеудесін кедей сонда артар еді.
Күдері бастап, Ұлбикемен қағысқан Таспақожа, Мәделіқожа, Сералықожа, Жанкел, т.б. ақындар ақын қызға әртүрлі тақырыпта сұрақ қойып, оны жаңылыстырмақ болған. Бірақ Ұлбике бәріне ұтымды жауап беріп, өзінің ой-өрісін, өресінің биіктігімен сүрінбей келген.

Жоғарыда Ұлбике атақты ақын Сарамен тағдырлас дедік. Оған дәлел – екеуі де малға сатылып, теңін таппай жастық шағы жылаумен өткен, екіншісі содыр күйеудің қолынан мерт болған заман дәстүрінің құрбандары еді. Бұл қорлықты екеуі де зар қылып жырылап кеткен. Сарадан жарты ғасырдай бұрын туған Ұлбике сол кездегі әйел теңсіздігін былайша жырлап, зар жығалды:

Көшкен елдің жақыны, ұзағы бар,
Таулы, тасты, шөл дала, құз-жары бар.
Қайда барсам жолымды кескестейтін.
Құрып қойған Бойтаның тұзағы бар.
Ташкеннен алып келген сырнайыл-ты,
Жөнін білген тартарды желжаықты.
Ақ шөйі мен көк шөйіннің қиындай,
Өзіме таба алмадым байлықты...
Ал, алғашқы жары өзіне тең болмай,
Кембағал адамға айттырылған Сара Тастамбекқызы да:
Тақсыр-ай, күні құрысын, ұрғашының,

Білігі болмаған соң бір басынын,
Берген соң тері-терсек ит те алады,
Пұлныңдай берекесіз арбашының, – деп аң ұрып еді ғой.

Шу дегенде, айтқанымыздай, Ұлбикенің елі Әулиеатаға келіп (1837ж.) ата-бабаның туған жеріне орныққан соң жылдар өтіп, өнері мен аяр-көркіне тәңгі болған Қаракойлы руының бір байы үш қыздың қалың малын беріп қуда түседі. Ұзамай Ұлбике сол байдың еркеғотай боп өскен Бойтан деген баласына ұзатылады. Сол күннен бастап Ұлбикенің маңдайының соры қалындай түседі. Ата-енесі де жайысз болады. Келген жері оның әр қаламын бақылап, өнерін ұштамақ түгіл әр әрекеті аңдуда болады. Қысқасы, Ұлбикені қорлық, зорлық тұманы шырмал алады. Бұл сөзімізге Ұлбикенің өз зары айғақ. Бұл қорлық жанына батқан ақын бірде шөл қысып келген бір жолаушыдан әке-шешесіне сәлем жолдайды. Оны, әріне толқмай тыңдау мүмкін емес. Ал, тыңдайық:

Не деген қайын атам қас кісі еді,
Аузынан айқайласа тас түседі
Ел-жұрттан осындағы жөн сұрасам,

Аңыз бен шындыққа шеңдестіре отырып созайын әңгімемді. Қызылорданың іргесіндегі Аманкелді ауылында Рахмет Мәзхұжаұлы деген жырау болғаны баршаға мәлім. Токсан екіл келіп дүние салды. Ескі жыр-терме, айтыс, қиссаларды көп білетін адам еді. Өзі Күдеріқожамен ағайын-дас. Мен оны көп тыңдап, біраз айттыстарды (Ұлбикенің бір айтысын) сол кісіден жаттап алғанмын.

Оның айтуы бойынша, Ұлбикенің ұстазы болған Күдері көбіне Арқада өмір сүріпті. Онда да талай адаммен қайымдасып өнерін паш етіпті. Сөйтіп, Ұлбикенің дерегін естіп, Балқашты жағалап, Шу бойына келген ақын сұрастыра отырып, шәкіртінің ауылына түседі. Күдерінің данқын білетін жұртты жиналып, ақынға қоңақасы беріп, жырлатады. Сол басқосуда қиынған жұрт қолқапап екі ақынды айтыстырады. Бұрыннан сырмынөз және өнер бойғысін сағынған екі ақырның айтысы шу дегеннен қызып, ұзаққа созылады. Қас қарайып, түн жамылғанда тар көңіл, қарантөп біреу ең далада жылқы күзетіп жүрген Бойтанға барып: «Әйеліңнің Күдері деген қайыспсы бар екен, сол келіп күні бойы екеуі айтысып отыр. Себебісен үйіне бар» деп хабар береді. Есер Бойтан шауып үйіне келсе, айтыс әлі жүріп жатыр екен. Кеудесін қызғаныш кергенен Бойтан іргелігі балтаны ала салып Ұлбикені көкселкеден бір ұрады. Ақын талып түседі. Бұл – 1849 жылғы тамыз айының орта кезі болса керек.

Содан Ұлбике төсек тартып жатып қалады. Жарасы жазылмай, дерті күн сайын меңдей берді. Бұл кеселден тұрмасын білген Ұлбике өткен-кеткенге өленмен мұң шағалы. Бірде үйіне ел ақын жүрген дуана бас сұғып, көңілін сұрапты. Одан Ұлбике «Сыр еліне барасың ба?» – деп сұрапты. «Барамын», – дегіні ол. «Ендеше сондағы жұртқа айта бар» деп мына бір ауыз өлеңді үйретіпті:

Тұс-тұстан халық келіп анталады,
Айтыс деп Күдерімен қолқалады.
Болғанда түн ортасы Бойтан келіп,
Атылып көкселкеменен балталады....

Абайсызда басынан қатты жарақат алған Ұлбике қырқүйек айының басында небәрі 24 жасында көз жұмады.

Әлгі дуана Сыр бойына, Жаңақорғанның түстік бетіндегі бір ауылға келіп, әлгі өлеңді айтады. Үй егесі қожа екен. Мұны қай жерде, кім айтқанын білгеннен кейін, «Ой, Ұлбике өлген екен ғой, қой барып көңіл-қос айтып, бата қылайық» деп еліне хабар салыпты. Ұзамай Күдеріқожаңы ортаға алып бір топ адам марқұмын ауылына барды. Барса Ұлбикеге ас беріп жатыр екен. Ас аяқталған соң құн дауы басталыпты. Жол төркініне беріліпті. Төркіні тандауды Күдері айтысын деп ұйғарады. Қожекен сөзді шарнағаттан бастапты: «Өлер Ұлбике өлді. Аярда да ас жоқ, төярда да ас жоқ. Көрді ашып, өкпесін сойып көрсең, өкпесінде қыбырлаған жүз бөлу керек. Жазу жоқ болса, сөз басқа, егер жазу болса – ол өлең. Онда үш кісінің құнын бересің», – депті. Айтқандай көрді қазып, өкпесін аса, жазу (құрт) жыбырлап тұр екен дейді. Көрген жұрт ботайдай боздапты. Сөйтіп Қаракойлық ашп ұлдамның құнын төлепті.

Түйін: Сөйтіп «таңдайында өлеңнің ұясы бар» (М.Көпеев) Ұлбике небәрі 24 жыл өмір сүріп, 1849 жылы өз күйеуінің қолынан қыршып кетті. Шынын айтқанда, мұның тағдыры Сараның тағдырынан әлдеқайда аянышты. Сара айттырған кембағалдан құтылып, жөңді жанға тиді. Одан 5 ұл-қыз сүйді, Ұлбикеден екі өсе ұзақ өмір сүрді. Өз ажалынан өлді. Шығармалары сан рет жария болды. Ескерткіштері бар. Ал, Ұлбикеді ше? Оның жырмыа шақты рет айтысқа түсіп, бірнеше өлең шығарғаны, асқақ өңші әрі күйші болғаны халқына ертеден аян. Оның талантына М.Көпеев, Э.Диваев, В.Радлов секілді әйгілі фольклор жинаушылар ерекше маән беріп, ыждағатпен қараған. Тіпті, қазақтың М.Әуезов, С.Мұханов, Ш.Мұртаза сияқты даңғайыр жазушылары да ерекше бағалаған. Онан кейінгі буын өкілдерінен қарымды қаламгер Қ.Мұхамеджанов, академик М.Жолдасбеков, Р.Бердібаев, С.Дәутіұлы, талантты журналист И.Төлепбергел, ақындардан Қ.Мырзалыев, Ә.Жәмшіев, К.Ахметовалар Ұлбикенің таланты жөнінде тұшымды, жағымды ойлар айтып, қалам тербеген. Әйтсе де, Ұлбике Жанкелдіқызы талантының насихат бағасы әлі кемшін жатқаны жасырын емес. Ол әліге дейін қазақ әдебиеті мен өнері сахнасына еркін шыққан жоқ. Есімі тіпті бұлыңғыр. Туған жерінде (Сыр бойында) өлген жерінде (Жамбыл облысында) есімін еске түсірер көше немесе мүсін ескерткіш жоқ. Өткен жылы ақынның туғанына 190 жыл толды. Тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр болған еді, туған жері, мәңгілік мекені, тіпті Қазақстан Жазушылар одағы да «таңдайына өлең ұя салған бұбұлұны» ардақтамай үнсіз қалды. Тіпті мәңгілік мекені де белгісіз. Өкінішті-ақ.

Өткен ЖАҢПАРХАН,
Қазақстанның құрметті журналисі.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ



Биыл «Алаш» қозғалысына – 100 жыл. Осыған орай А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Алаш қозғалысы – тәуелсіздік жарысы» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Ондағы мақсат – Алаш көшбасшыларының шығармашылық мұрасын, тәуелсіздік мұраттары үшін күрестегі ролі мен маңызын, оның көшбасшыларының саяси-құқықтық, демократиялық, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын жаңа заманның талаптарына сай зерделеп, зерттеу.

Конференцияға мемлекеттік органдар өкілдері, қаламыздағы жоғары оқу орындарының тарихшы-әдебиетші оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, магистранттар мен жас ізденушілер, студенттер және кітапхана оқырмандары қатысты.

Шара барысында М.Анстасова «Алаш қозғалысы идеясы және тәуелсіз Қазақстан», Д.Сәтбай «Алаш көшбасшылары және қазақ мемлекеттілігінің тағдыры», С.Серікбаев «Алаш партиясының құрылуы», С.Тайманова «Алаш идеясын жырлаған ақындар», Н.Нұрмаханов «Алаш қозғалысының бұқаралық сипат

алуындағы қазақ баспасөзінің ролі», А.Бекқұлиева «Алаш зиялыларының әдеби мұрасы», Қ.Бектұрғанов «Мұстафа – Түркістан бірлігі идеясының рухани көсемі» тақырыбында баяндамалар оқып, Алаш зиялыларының қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жасаған ерен еңбектерін, ағартушылық жұмыстарын ашып көрсетті.

Конференция жұмысына арналып 4 бөлімнен тұратын «Алаш идеясы – мәңгілік елдің ұйытқысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жүректері ел деп соққан ұлт қайраткерлері туралы слайд көрсетілді. Көрмеге Алаш қайраткерлері мен қатысушылардың өмірбаяны, Алаш қозғалысына, партиясына қатысты ұғымдар мен атаулар, сол кезеңнің тарихи-қоғамдық, мәдени, әдеби дамуы туралы жазылған «Алаш қозғалысы» атты энциклопедиялық анықтамалықтар, Алаш қозғалысының көсемдері мен ұлт зиялыларының өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған кітаптар мен мерзімді басылмалар, олардың еңбектері қойылды.

Осылайша, жиналған қауым «Алаш» қозғалысының ғасырлық ғұмырынан сыр шерткен ғибағты әңгімеге толы тарихи тағылымы мол кештен зор әсер алды.

Н.А.ПЫСБАЙҰЛЫ.

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

ЕЛГЕ СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ ЕЛЕНСЕ ЕКЕН...

Елге еңбегі сіңген, кезінде талай лауазым тұтқасын ұстаған азаматтарды құрметтеу – ұрпақ парызы. Аларшылық, қуғын-сүргін, сұранып соғысты бастан кешкен ағалар мен әжелер бүгінде сиреп қалды. Қазір көптеген ауылда майдангер жоқтың қасы. Жүйтікпен уақыт өз өмірін жүргізері ақиқат. Бабалардың «Елу жылда – ел жанар» дейтін сөзіне тағы да бас имей болмайды.

Мен баспасөз саласында 50 жылдан аса еңбек етіп, зейнетке шыққан ардагермін. Қазіргі «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы» газетінде Хамза Сыздықов, Зейнулла Жаркынбаев, Қалқабай Әбенов, Нұрділда Уәлиев, Ұзақ Бағаев сынды ағалармен қоян-қолтық еңбек еттік, тәрбиесін көрдік. Біз солардың мектебінен өткенімізді қамал етеміз. Жоғарыда аты аталған ағалардың дүниеден өткеніне көптеген жылдың жүзі болды. Есімдері ардақталып, көше, мектептер берілді, тұрған үйлеріне ескерткіш тақта орнатылды. Өрине, бұған қуанбай болмайды. Өшпей із қалды деген осы.

Біз қазір отырған жерде артында «іздеушісі барлар құрметтеліп жатыр» деп әңгімелеуге шықтық. Шындығы солай. Ал еңбек еткен ұжым, көзгергендер неге ықылас танытпайды? Ал, олар ықылас танытпаса, мықты іздеушіні қайдан іздейміз?

Облыс баспасөзінде көп жыл еңбек еткен, дүниеден өткеніне отыз жылдан асқан Жарыққасын Шөкенов деген ардагер журналист

болды. Кезінде Жамбылдың, Мерке, Жанақорған аудандық газетінде редактор, Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеті редакторының орынбасары, облыстық баспасөзде құпиялықты сақтау басқармасының бастығы, бұдан соң облыстық радиохабарларын тарату комитетін ұзақ жыл басқарып, зейнетке шықты. Бір адамдай марапаты жетерлік еді. Аман не, осы азаматқа, ең болмаса, бір көше бұйырмай тұр.

Тағы бір әңгіме. Журналист Тойбазар Елемесов 1971 жылы пәни дүниеден өтті. Зер салсақ, дүние салғанына елу жылға жуықтап қалыпты. Оның балалық дәуірі Аралдың «Шөмішкөлінде» өтті. Ата-анасынан ерте айырылып, Ташкенттегі мектеп-интернаттың түз-дәмін татты, шығыс жұлдызы Г.Мұратбаевтың қамқор қушағына бөленіп, 1928 жылы Шымкенттегі педтехникумды бітіргенін талай аңыз етіп, әңгімелегенін естідік, құймақұлақ шежіре, қаламы ұшқыр журналист еді.

1928-1932 жылдары Аралда алғашында қатардағы мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімін басқарды. Кейін ұзақ жыл Арал аудандық «Екпінді балықшы» газетінде редактор болды. Бұдан соң ауданда кеңес төрағасының орынбасары, Ақтөбе облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Өмір деректеріне жүгінесек, өмірінің көп бөлігі журналистика саласында еңбек етуге арналғаны байқалады. 1935-19


● ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНА – 150 ЖЫЛ

Талай тарихы шындықтың куәсі болған, аз зерттелген қалалардың бірі – Қазалы. Уезд орталығы болған көне шаһарға биыл 150 жыл толып отыр.

Қазалы бекетінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде, Сырдарияның оң жағында орналасқан қала ең алғаш рет 1847 жылы Қазалы форты ретінде құрылды. 1853 жылы №1 форт деп аталатын әскери бекініс болды. 1867 жылдан кейін қала мәртебесін алды. Оның Орынбор-Ташкент жолында орналасуы тезірек қалаға айналуына қолайлы жағдай тудызды. Қала өзінің қалыптасу кезінен-

1. Сырдарияның сол жағалауында, Қазалының оңтүстік бетінде орналасқан Жанкент шаһары байлыққа келенген, бау-бақшалы, көк желекке оранған, алты Алаштың әулеттері орналасқан ірі орталық болған. Тарихшы Раш ал-Диннің деректеріне сүйенсек, Жанкентті XIII ғасырдың үшінші онжылдығында Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан қиратқан.

2. Қазалы жері небір батырлар мен ақындардан кенде емес. Батырлығы мен даналығының арқасында Самарқанды 40 жыл билеген Жалантөс баһадүр, адамзат баласына ислам идеология-



Казалинск. —Kasaliensk № 8
Баһар ы жетте Хусаинов.



ақ аймақтың экономикалық дамуына үлес қоса бастады. 1867 жылғы әкімшілік реформадан кейін әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық үрдістер жаңа серпін берді. Қазалы Ресейдің Орта Азия халықтары үшін Хиуа, Бұқара, Ташкентке тауар өткізуде транзиттік роль атқарды. Қаншама ұрпаққа құтты қоныс, жайлы мекен болған қасиетті топырақта Жанкент, Шірік-Рабат, Бәбіш молда, Жент, Жаңақала сияқты қалалар өмір сүрген. Онда колонер мен мәдениет, архитектура, түрлі шаруашылық салалары дамыды. XIX ғасырдың ортасына дейінгі аймақ тарихы 3 бағытта баяндалады.

сын ұсынған жаңа жүйені насихаттаушы, Сыр сүлейлерінің арасынан шыққан жанашыл ақын Қарасақал Ерімбет, айба- ты мен қайраты аңызға айналған Жанқожа Нұрмұхаммедұлы сол қатарда.

3. XIX ғасырдың басында Арынғазы сұлтанның хан сайлануы үлкен тари- хи бетбұрыстың бастамасы болды. Арынғазының қоғамдық-саяси өмірінде тарихи оқиғалар басталды. Ол Сыр бойы казактарын қайтадан Кіші жүз хандығына қосып біріктірмек болды (З.Әділбекова, «Қазалы қаласы мен уезінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы», Алма- ты, 2009 ж.). Алайда Ресей империясының

40-50-жылдарынан бастап отарлау мақсатымен қазақ даласында құрылыс күшейді. 1847 жылы жер ерекшеліктерін зерттеп картаға түсіру, жаңа бекеттер салу қызу қарқынмен жүргізіле бастады. Сырдарияның Арал теңізіне құяр саласын- да Райым бекінісі тұрғызылды (А.Якунин, В.Шахматов, «Восстание в Казахстане 50 г. XIX в.», Алматы, 1940 ж.). Бекіністің «Рай- ым» аталуын білетіндер Райым имамның моласымен немесе Райым көлімен байла- ныстырады.

Ресей бекіністің сауда керуендерін то- наушылардан қорғау үшін салынғанын мәлімдеді. Ал шынында, бұл Ресейдің Хиуа хандығына қыр көрсетуі әрі Түркістан аймағын отарлауға жасалған алғашқы қадамы еді. Хиуа хандығы Сырдария бойы- на орыс әскери бекіністерінің салы- нуына қарсылығын оның төңірегіндегі казактарды тонаумен білдірді. Бірақ әскери күші басым Ресей империясы Рай- ым бекінісінің негізін қалаған соң Арал теңізі мен Сырдария өңіріне ықпалын жүргізе бастады. Сырдария сағасына Ре- сей әскерлері келгенге дейін жергілікті қазақ халқы Хиуа және Қокан әскерлерінің тұрақты шапқыншылығынан зардап шегіп отырды. Бекініс салынғасын Орын- бор генерал-губернаторы Перовскийдің басшылығымен 1852 жылы 29 қаңтарда соғыс министріне Қазалы өзеншісінің

Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген кішкене шекті, шөмекей, төртқара сияқты рулардың көші-қон қыстаулары бар еді. Олар өздерін тәуелсіз санап, Хиуа-Қоканға қарсы үздіксіз соғыс жүргізді. 1853 жылы №1 форт (Қазалы) болып құрылғаннан кейін оның алғашқы тұрғындары Рай- ым бекінісінен қоныс аударғандар, Орын- бор казактары, Арал флотының матроста- ры, солдаттары болды. Алғашқы кезде бұл әскери бекініс-ті. Кейін мұнда Орал ка- зактары, қырғыздар, өзбектер, татарлар қоныстанды. Ресейдің Бұқара, Ташкент, Хиуа қалаларымен сауда байланысының дамуынан керуен жолы өтіп, Қазалы 1867 жылы уездік қалаға айналды.

1867 жылы 11 маусымда Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, №1 форт атауы өзгертілді. Қазалы қаласы Сырдария облысының құрамына кірді. Қазалы уезінде 1868 жылғы 1 сәуірден бастап 6 болыс құрылды. Олар – Қарақұм, Райым, Қостам, Сарытоғай, Қарабастоғай және Заңғар (КРОММ 267-қор, 1 т., 4 іс, 2 п.) Уезд басшысы Қарақөл, Қостам, Сарытоғай болыстарында адам санының артуына байланысты тағы 3 болыс құру керектігін, тіпті 7 болысты екі еселеу- ге болатынын, оның әрқайсысында 1000-1600-дей үй барын хабарлайды. Түркістан генерал-губернаторы 1875 жылы 20 қарашада патшалы Ресейге адал қызмет

еткен Алайғыр, Райым, Қостам, Ақтөбе, Қараман-Мақпал, Сарытоғай, Қараба- стоғай, Көшербасев, Заңғар, Қорғаныш бо- лыстарын арнайы марапаттаған.

1860 жылы 21 қаңтарда тұңғыш Қазалы училищесі ашылды. 1861 жылы 9 ақпанда дінбасы Победаносевтің бастауымен қыздар мектебі ашылды. Мектеп 1862 жылдың аяғында оқытушылардың басқа жакқа кетуіне байланысты жабылды. 1865 жылы Қазалыда қазақ балалары үшін мек- тең ашылып, онда аптасына алты күн сабақ өткізілді. 16 бала білім алды. Сондай-ақ 1879 жылы 19 тамызда 2 сыныптық қыздар училищелері ашылды. 1897 жылғы халық санағы бойынша Қазалы уезінде 140 541 адам тұрды. Оның ішінде казактар – 135 860 (96,6 пайыз), орыстар – 2 821 (2 пай- ыз). Қазалы қаласында 5 585 адамға жетті (Первая всеобщая перепись населения Рос- сийской империи 1897 г., Сырдаринской область). Ұлты татар орынборлық көпес Хусайынның сауда дүкендері шаһардың көркін қыздырды. Осыдан соң Орынбор татарлары Қазалыға ағылып көше бастады.

1861 жылы №1 фортқа 96 лавка са- лынып, 8 орыс, 4 қырғыз, 56 бұқар және 1 хиуалық сауда жасады. 1869 жылы ба- зар алаңында 256 үй және 300 лавка бол- ды. Оның 70-і орыстарға тиесілі бол- са, 180-і – бұқарлық, 80-і – хиуалық. Ірі саудагерлердің сауда айналымы 45 мың сомға дейін жетті («Түркестанский сбор- ник», 5-том). Бұл мәліметтерден Қазалы жерінде сауда керуендері жиі болғанын

көреміз. Керуен жолдарының бойын- да керуен сарайлары, тоқтап дем алуға арналған үйлер болды. Орыс саудагерлер мен азиялық керуендер әртүрлі жолдармен жүрді. Орыс керуендері қазақ бекеттерін, азиялық керуендер қазақ жайлаула- рын жағалап жүрген. Екі керуен жолда тоқтап, қазақтармен айырбас сауда жасап отырған. Ресейден нан, иленген тері, жүн және мақта-мата, темір бұйымдар әкеліне, Ресейге мал, мақта, жеміс, шай, қағаз бұйымдар сатып алынды. Соның ішінде астық, иленген тері мен маталар Қазалы арқылы өтті. «Бұл жердің көпестері Ірбіт пен Нижний Новгородтан Ресей тауарла- рына Чутучак пен Құлжа сияқты Қытай қалаларынан – шай, жібек маталар, фар- фор, әртүрлі ұсақ бұйымдар, ал Таш- кент, Бұқара мен Қоканнан – халат, кілем, күріш, кептірілген жеміс, қазақ даласы- нан жылқы, қара мал, қой, киіз, түлкі және басқа аңдардың терілерін айырбастап отыр- ды», – деп жазды А.Янушкевич («Днев- ника и письма из путешествия по казах- ским степям», А., 1965 ж.).

1880 жылы Қазалы уезінде сыра қайнататын зауыт жұмыс істей баста- ды. Онда 900 шелек сыра өндіріліп, жы- лында 4 мың сом пайда әкелді. 1881 жылы арақ-шарап, ал 1886 жылы екінші сыра қайнататын зауыт ашылды («Обзор Сыр- даринской области за 1886 г.», Ташкент,

ж.). Революциялық қозғалыс барысын- да Қазалы теміржолшыларының социал- демократиялық тобы қимыл жасады. Топ революцияның жұмысшылардың үйірмесі ретінде 1905 жылы құрылды. 1905-1907 жылғы революциялық қозғалысқа белсе- не қатысқаны үшін кейбірі сотталып, ай- далып кетті. (А.Бакиров, «Это было в Ка- залинске»).

